Астана
кәсіпкерлікті белсенді дамытуда
3 - бет ҚАРЖЫ

Үш айда
2,9 трлн теңге кредит берілген
6 - бет ҚАРЖЫ

Халықты
жұмыспен қамту – басты міндет
8 - бет МӘДЕНИЕТ

TENGE MONITOR

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Газет 2006 жылдың 15 желтоқсанынан шыға бастады

//16 МАМЫР 2019 ЖЫЛ

ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ

ҚАЗАҚСТАНДА ТӘУЕЛСІЗ ІШКІ САЯСАТ ЖҮРГІЗУ МҮМКІНДІГІ САҚТАЛҒАН

Бүгінгі таңда мемлекет басшылығы әлеуметтік салаға бөлінетін қаржының көлемін күрт үлғайтып, көп балалы отбасылар мен табысы төмен отбасыларға төленетін жәрдемақылар сомасын біршама арттыру ісін қолға алып жатыр. Бұл шараның қоғам тарапынан мейліше көп қолдау табатындай саяси қадам ретінде бағаланары айтпаса да түсінікті болар.

Арай САЛЫҚЖАНОВА

Әлеуметтік бағдарламаларға жұмсалуға тиіс қаражат республикалық бюджет шығыс бөлігінің 44 пайызын құрамақ. Ауыз сумен қамту, әлеуметтік инфрақұрылымды дамыту, білім сапасын арттыру мен шағын несие аясын кеңейту сияқты қарапайым халықтың жағдайын жақсартуды мақсат ететін іс-жұмыстарға қомақты көлемде ақша бөлінеді деп күтілуде.

Қазір атқарушы биліктің басшылыққа алып отырған саясаты мен одан туындайтын саяси ұранының мағынасы мынадай: Бюджет кірістері ең алдымен елдің әлеуметтік жағдайын жақсартуға жұмсалуы тиіс. Осы жерде бір нәрсені ескеру керек. Ол – экономикамыздың қаржы саласындағы жағдайдың тұрақтылығы аталмыш жұмыстардың сәтті орындалуының шарты болып табылатыны. Онсыз істің бәрі бос десе де болады.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев өзінің 2018 жылғы 5 қазанда жария етілген «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Қазақстан халқына Жолдауының бүтін бір тарауын осы мәселеге арнаған болатын. Ол тарау «Нақты экономиканы өркендету үшін қаржы секторының рөлін күшейтіп, ұзақ мерзімді макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету қажет» деп аталады және онда мынадай сөздер айтылған: «Бағаның өсуі, қаржыландыруға қолжетімділік, банктердің орнықтылығы – міне, осы мәселелер көбіне қазір жүрттың қызығушылығын тудырып отыр. Ұлттық банк Үкіметпен бірлесіп, қаржы секторын және нақты секторларды сауықтыру, инфляцияға қарсы кешенді саясат жүргізу мәселелерін жүйелі түрде шешуді бастауы керек. Қалыптасқан жағдайда экономиканы, әсіресе, өңдеу секторы мен шағын және орта бизнесті несиелендіруді ұлғайту өте маңызды. Сондай-ақ, зейнетақы активтері мен әлеуметтік сақтандыру жүйесінің ресурстарын басқару тиімділігін арттырып, баламалы қаржы құралдарын – құнды қағаз нарығы, сақтандыру және басқа да салаларды нақты дамыту керек. Бизнесті шетел инвестициясымен, капиталға қолжетімділікпен қамтамасыз ету ісінде «Астана» халықаралық қаржы орталығы маңызды рөл атқаруға тиіс. Біз жеке сотты, қаржы реттеуішін, биржаны арнайы құрдық. Барлық мемлекеттік органдар мен ұлттық компаниялар осы алаңды белсенді пайдаланып, оның тез қалыптасуына және дамуына атсалысуы керек. Аталған шаралардың тиімді жүзеге асырылуы жалақының өсуі мен жаңа жұмыс орындарының ашылуы есебінен қазақстандықтардың табысын арттырады. Бұл үдерістер әрдайым Үкіметтің басты назарында болуға тиіс».

Елбасы сонымен қатар кезінде сөйлеген басқа бір сөзінде қазіргі жағдайда мемлекет басшылығы тарапынан ішкі және сыртқы конъюнктураның жіті қадағаланып, еш кідіріссіз табанды шаралардың қолға алынып жатқанын айтқан. Ондай шараларды шешуші және табысты түрде жүзеге асыруға деген сенімділік біздің еліміздегі барлық ақша көлемінің ішкі нарықта айналымда жүрген ақшалық массаның мөлшерімен ғана шектелмейтініне негізделген.

> [7]

► ҚАЗАҚСТАН ҚОР НАРЫҒЫ

АКЦИЯЛАР

Risers	Last	%△1D	%△1M
KCEL 14.05.19 16:39	1 960,00	+1,82	-0,56
–	–	–	–
–	–	–	–
–	–	–	–
–	–	–	–
Индекс KASE 14.05.19 16:58	2 285,87	-1,49	-9,12

АҚША НАРЫҒЫ

Symbol	Last	%△1D	%△1M
MM Index 14.05.19, 17:22	7,96	-0,01	-0,22
TONIA 14.05.19, 16:59	7,97	-0,01	+0,29
SWAP-1D (USD) 14.05.19, 16:09	7,04	-0,07	+0,09
TWINA 14.05.19, 15:19	7,95	-0,07	-0,14
SWAP-2D (USD) 14.05.19, 16:09	7,10	-0,03	+0,04
KazPrime-3M (KZT) 14.05.19, 11:33	10,00	0	-0,25

КОРПОРАТИВТІК ОБЛИГАЦИЯЛАР

Deals	Yield	DTM
BASTb1 14.05.19	–	22.09.20
ATFBe7 14.05.19	–	–
FFINb2 13.05.19	–	28.06.20
ASBNe14 08.05.19	–	15.12.24
TEBNe1 08.05.19	–	30.06.22
CCBNe3 08.05.19	–	–

МЕМЛЕКЕТТІК БАҒАЛЫ ҚАҒАЗДАР

Deals	Yield	DTM
NTK028_2550 13.05.19	8.30	05.06.19
NTK091_2549 04.05.19	8.65	02.08.19
NTK364_2536 03.05.19	8.20	13.03.20
KZ_05_2410 02.05.19	3.10	14.10.24
NTK182_2547 29.04.19	8.70	25.10.19
NTK028_2546 29.04.19	8.60	22.05.19

► ӘЛЕМДІК ҚОР НАРЫҒЫ

Индекстер

KASE	2285.9	-0.49% ↓
FTSE 100	7241.6	1.09% ↑
MSCI World	2098.8	0.59% ↑
S&P 500	2834.4	0.80% ↑
Dow Jones	25532.1	1.82% ↑
Russel 2000	1671	1.89% ↑
Russel 3000	1543	1.32% ↑
SSE Comp	2915.28	1.05% ↑

14 Мамыр 2019

Тауарлар

Мұнай	71.2	1.44% ↑
Мыс	6014.5	0.22% ↑
Қорғасын	1794.5	0.96% ↑
Мырыш	2644.3	1.04% ↑
Никель	11942	1.28% ↑
Алюминий	1826.5	2.01% ↑
Уран	24.6	-0.20% ↓

14 Мамыр 2019

Валюта нарықтары

USDKZT	380.56	0.31% ↑
EURKZT	426.3	0.11% ↑
USDRUB	64.951	-0.73% ↓
USDUAH	26.41	0.80% ↑
USDBYR	20940	-0.18% ↓
EURUSD	1.1172	-0.16% ↓
GBPUSD	1,2914	0.07% ↑

14 Мамыр 2019

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ

Жалдамалы жұмысшылар

Немесе еңбек даулары мен кикілжіңдері туындауының себебі неде?

Осы жылдың ақпан айында Батыс Қазақстан облысындағы «KKS-SICIM» құрылыс компаниясының жұмысшылары еңбекақыны көтеру жөнінде талап қойып, жұмысқа шығудан бас тартқан болатын. Мұның себебі – жұмыс беруші дер кезінде іс-шара қолданбағандықтан әлеуметтік наразылыққа алып келген еді.

ҒАЛЫМ ОМАРХАН

Ал, наурыз айында Нұр-Сұлтан қаласындағы «Абу Даби Плаза» құрылыс алаңында еңбек шарты жасалмай жұмыс істеген «Строй контракт» компаниясының 45 жұмысшысы ешқандай ескертусіз, екі айдың айлығын алмай жұмыстан шығарылды.

Мұндай жағдайлар күнделікті өмірде жиі орын алады. Оның себебі неде? Еңбек қатынастарына байланысты дау-дамай мен кикілжіңдерді болдырмаудың жолы қандай? Бұл ретте әлеуметтік әріптестердің қандай қам-қарекет жасауға қақары бар?

Өткен жылы еңбек қатынастарына байланысты жұмыс берушілер мен бір миллионға жуық жалдамалы жұмысшылар арасында шарт жасалмаған болып шықты.

Қазақстан Республикасының Кәсіподақтар федерациясы осындай келеңсіз жағдайларды болдырмау үшін әлеуметтік әріптестермен, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесе отырып «Еңбек шартын жаса!» республикалық акциясын өткізген. Оның барысында 37 мың жұмысшымен еңбек қатынастарына байланысты шарт жасалған.

Жұмыс берушілер мен жұмысшылар арасындағы тиімді еңбек қарым-қатынасын қалыптастырудың басты құралдарының бірі – ұжымдық және жеке еңбек шарты.

Ұжымдық шарт – жұмыс беруші мен жұмысшылар өкілдері арасындағы жазбаша келісім. Онда қосымша еңбек жағдайлары, еңбекақы жүйесін ынталандыру, жұмысшыларды әлеуметтік қолдау шаралары көрсетіледі.

2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы ұжымдық еңбек шарты 16 пайызға артты. Үстіміздегі жылдың 1 наурызына дейін 98 167 ұжымдық шарт жасалған. Алайда бұл жұмыс істеп тұрған кәсіпорындар мен ұйымдардың бар-жоғы 41 пайызын ғана қамтиды.

Тәжірибе көрсетіп отырғанындай, кәсіпорында кәсіподақ ұйымы болмаса ұжымдық шарт жасалмайды, осыдан келіп жұмысшылардың құқы қорғалмайды.

Еңбек шартының болмауы жұмысшыларды еңбек құқын қорғау мүмкіндігінен айырумен бірге оларды әлеуметтік және зейнетақымен қамтамасыз ету жөніндегі жағдайлардың барлығынан жұрдай етеді.

Бүгінгі таңда еңбек қарым-қатынасында кикілжіндер мен әлеуметтік наразылыққа әкелетін, шешімін таппаған күрделі мәселелер бар. Оның ішінде екі маңызды мәселені шешу қажет болып отыр. Біріншісі – жалдамалы еңбек, екіншісі – өндірісте адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген залалдың орнын толтыру.

> [5]

ИНДУСТРИЯ 4.0

Кәсіпорындар – қуатты даму жолында

Павлодар облысы – минералды және көмірсутегі шикізатын игерумен айналысатын дәстүрлі салалық өндірістер мен кәсіпорындар оңтайлы үйлесім тауып, аумақтық өндірістік кешен қалыптасқан бірегей өңір. Еліміздің өнеркәсіптік тірегі саналатын аймақтағы бірқатар кәсіпорындардың тынысын салалық министрлік басшысы Роман Скляр бақылап қайтты.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрі алдымен мыс кенін өндіру мен байыту жөніндегі ұзақмерзімді стратегиялық жоба – «Kaz Minerals Bozshakol» серіктестігінің Бозшакөл кен-байыту комбинатына барып, мыс концентраты өндірісінің технологиялық процесімен және тау-кен жұмыстарының даму барысымен танысты.

> [5]

ӘСІМ КӨЗДЕРІ ҚАУҚАРЛЫ БОЛУЫ КЕРЕК 2

ҚАЗАҚСТАН ҮШІН ГАЗДЫ «ОПЕК» ИДЕЯСЫ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕ ЕМЕС 7

16+

№20 (610)

ISSN 1999-5830

АПТАЛЫҚ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ АҚПАРАТ ЖӘНЕ КОММУНИКАЦИЯ МИНИСТРЛІГІНІҢ БАЙЛАНЫС, АҚПАРАТТАНДЫРУ ЖӘНЕ БҰҚАРАЛЫҚ АҚПАРАТ ҚҰРАЛДАРЫ САЛАСЫНДАҒЫ МЕМЛЕКЕТТІК БАҚЫЛАУ КОМИТЕТІНДЕ ТІРКЕЛІП, 2017 ЖЫЛҒЫ 14 ЖЕЛТОҚСАНДА №16796-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛДІ

БИЗНЕС&ЖАҢАЛЫҚ

АПТА ТЫНЫСЫ

Өңірге сапар

Сыр бойындағы сындарлы істер

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қызылорда облысына сапары барысында «Жан-Арай» агроиндустриялық кешенінің қызметімен танысып, ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілермен әңгімелесті.

– Ауыл шаруашылығы – әлеуеті өте зор, стратегиялық маңызды сала. Бұл саладағы мәселелерді жақсы білеміз. Мемлекет оларды шешудің барлық мүмкіндіктерін қарастырады, – деді Президент, өңір еңбеккерлеріне зор табыс тілеп.

Сондай-ақ Қасым-Жомарт Тоқаевқа Сырдария өзенінің сол жағалауын дамыту жөніндегі шаһардың бас жоспары таныстырылды. Аумағы 1,5 мыңнан астам гектар жерді қамтитын бұл құрылыс алаңына тиісті инфрақұрылымдар жүргізілген. Мемлекет басшысына алдағы уақытта бұл жерде неке сарайы, өрт сөндіру депосы, 900 орындық орта мектеп, тұрғын үйлер, отбасылық медицина орталығы және басқа да әлеуметтік нысандар салынатыны жөнінде баяндалды.

Мемлекет басшысы Қызылорда облысының құрылыс саласындағы көрсеткіші жоғары екенін атап өтіп, шаһардың өркендеп келе жатқанына тоқталды.

– Қала құрылысына осы саладағы үздік тәжірибелерді қолдану керек. Жаңа технология мен құрылыс материалдарын пайдаланып, «Ақылды қала» жүйесінің компоненттерін белсенді түрде енгізу қажет, – деді Қазақстан Президенті.

Байқоңыр қаласының дамуын әңгімелеу барысында Қазақстан Президентіне қаланың қазіргі ахуалы мен әлеуметтік-экономикалық даму барысы және оның негізгі көрсеткіштері баяндалды, «Байқоңыр» арнайы экономикалық аймағын құру жөніндегі тұжырымдама таныстырылды.

Цифрлық Қазақстан

Адам факторы азайды

Нұр-Сұлтанда Тұңғыш Президент бастамасымен Астана экономикалық форумы аясында Еркін экономикалық аймақтар бойынша Дүниежүзілік кеден ұйымының өңірлік форумы өтуде. Шара қазіргі заманның экономикалық, қаржылық және әлеуметтік сын-тегеуріндері бойынша жаңа шешімдер іздеудегі адамзаттың үздік ақыл-ойын біріктіретін халықаралық саммит ретінде мойындалған.

– Қазақстан Еуразия кіндігінде, Еуропалық және Азия-Тынық мұхиты өңірінің Дүниежүзілік кеден ұйымына мүше елдерінің тоғысында орналасқан. Біз екі ірі өңірдің кеден әкімшілерінің көптеген өкілдерінің осы форумға қатысып жатқанын жоғары бағалаймыз, – деді шараның ресми ашылуында сөз сөйлеген ҚР Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті төрағасының орынбасары Өмірзақ Бейіспеков.

Бүгінде Қазақстан бизнес-процестерді цифрландыру бойынша ауқымды жұмыс жүргізуде. «Астана-1» ақпараттық жүйесіне тауарларды электрондық декларациялау енгізілді. Биылғы сәуірде Қазақстанда «Экспорттық-импорттық операциялар бойынша бір терезе» ақпараттық жүйесі енгізілді. Аталған жүйе «бірынғай терезе» бойынша Дүниежүзілік кеден ұйымының стандарттары мен компендиумдары негізінде әзірленген.

Оның айтуынша, Қазақстанда бюджетке кеден түсімдері артып келеді. Цифрландыру барлық процестерге адами факторлардың ықпалын төмендетуге мүмкіндік береді және соның арқасында импорттаушылардың шамамен 60% декларациясы көрінбейді. Себебі, олар «жасыл дәліз» арқылы автоматты тәртіпте өтеді. Сондай-ақ экспорттың 90%-тен астамы автоматты режимде жүргізіледі.

– Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылардың адамдармен ешқандай байланысы болмайды. Мұның барлығы цифрландырудың, жаңа технологиялар енгізудің, процестерді автоматтандырудың нәтижесінде қалыптасып отыр. Кедендік түсімдер бойынша үлкен ілгерілеу бар, тіпті жекелеген позицияларда түсімдердің 12 есе артқаны байқалады, – деді Ө.Бейіспеков.

Сыртқы сауда

Қытайға қандай тауарлар ұсынудамыз?

Қазақстан Қытай нарығына 13 түрлі ауыл шаруашылығы өнімін жеткізетін болды. Мұндай уағдаластыққа Алматыда өткен Қазақстан мен Қытай арасындағы II өңіраралық форумда қол жеткізілді.

– Екі ел арасындағы тауар айналымын ұлғайту мақсатында Қазақстан металлургия, машина жасау, химия мен тағам өнеркәсібі саласында отандық тауар түрлері ассортиментін көбейтеді. Осы тауарлар позициясы шеңберінде Қазақстанда бірқатар кәсіпорын жұмыс істеп тұр, – деді Премьер министрдің бірінші орынбасары, қаржы министрі Әлихан Смайылов.

Оның айтуынша, Қытайға экологиялық таза тауарларды жеткізу әлеуеті жоғары. Бүгінде отандық ауыл шаруашылығы өнімдерінің, атап айтқанда, ет, балық, бидай, соя бұршақтары, бал, ұн өнімдерінің 13 түрін Қытайға жеткізу бойынша келісімге қол жеткізілді.

Өніраралық ынтымақтастық форумы өнеркәсіптік кооперация тақырыбын талқылауға, инвестициялар тарту және Қазақстанның экспорттық әлеуетін іске асыру бойынша Қазақстан мен Қытайдың өніраралық және шекарамаңы ынтымақтастығын дамытуға бағытталған.

ҮКІМЕТ: КЕЛЕЛІ МІНДЕТТЕР КӨШІНДЕ

Өсім көздері қауқарлы болуы керек

Премьер-министр Асқар Маминнің төрағалығымен өткен Үкімет отырысында биылғы қаңтар-сәуір айларындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық дамуы мен республикалық бюджеттің орындалу қорытындылары шығарылды. Сондай-ақ жиында электронды сауданы дамыту мәселелері қаралды.

БОТАГӨЗ ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ

Биылғы қаңтар-сәуір айларындағы еліміздің әлеуметтік-экономикалық даму нәтижелерін баяндаған ұлттық экономика министрі Р.Дәленовтің айтуынша, осы мерзімде ІЖӨ өсімі 4%-ке жетті. Бұл көрсеткішке өңдеу өнеркәсібіндегі, қызметтер саласындағы жеделдеу, сондай-ақ құрылыс пен ауыл шаруашылығындағы тұрақты қарқын арқылы қол жеткізілген. Аталған негізгі салаларда инвестициялар айтарлықтай өсіп, өткен сәуірде халықаралық қорлар $86 млрд құрады. «Өңдеу өнеркәсібінде өсуге бағытталған тренд сақталып, 4 айда шығарылым 3,5%-ке дейін ұлғайды. Өңдеу қарқынының артуына мұнайды қайта өңдеудегі, машина жасаудағы, сусындар өндірудегі өсудің үдеуі, сондай-ақ фармацевтиканың плюстік аймаққа шығуы әсер етті», – деді экономика министрі. Құрылыс саласындағы серпін тұрақты, онымен байланысты жұмыстар көлемі 8,4%-ке ұлғайды. Ауыл шаруашылығы қалыпты өсу қарқынын ұстап, өндіріс көлемі 3,6%-ке артты. Есепті кезеңде көрсетілетін қызметтер саласы 4,2% өсім көрсетті. Бұл сегментте сауда – өсудің алдыңғы қатарында, яғни ондағы өсім 7,3% деңгейінде тіркелді. Бұл негізінен автокөлік құралдарын, автобөлшектерді, мұнай өнімдерін және жанар-жағар май сатуды ұлғайтумен байланысты. Сонымен бірге көлік саласында 4,8%-ке дейін үдеу тіркелді: әуе көлігінің жүк айналымы 1,9 есеге, автомобиль көлігінің жүк айналымы 9,7%-ке өсті. Осы жылғы қаңтар-наурызда сыртқы сауда айналымы $20,4 млрд құрағанын айта кеткен жөн. Экспорт көлемі $13,3 млрд құрады. Мұнай мен металдарды қоспағанда, экспорттық жеткізілімдердің өсуі екі таңбалы санға – 19,8%-ке жетті.

Үкімет басшысы Ұлттық банк төрағасының, ұлттық экономика, қаржы, индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлерінің, өңір әкімдерінің баяндамаларын тыңдағаннан кейін, осы қарқынды сақтап қана қоймай, экономиканы одан әрі дамыту бойынша шараларды қабылдау қажеттігін атап көрсетті. Сондай-ақ Манғыстау, Ақмола облыстарының және Нұр-Сұлтан, Шымкент қалаларының әкімдіктеріне құрылыс, инвестициялар, өнеркәсіп және тұрғын үйді пайдалануға беру көлемдерін арттыру бойынша жұмыстарды жандандыруды тапсырды.

Ағымдағы жылдың 4 айындағы республикалық бюджеттің орындалуы туралы Премьер-министрдің бірінші орынбасары – қаржы министрі Ә.Смайылов баяндады. Осы жылдың 4 айындағы қорытындысы бойынша республикалық бюджетке кірістер – 2,1 трлн теңгені, өсім қарқыны 119,4%-ті құрады. Есепті кезеңде республикалық бюджетті игеру 98,3%-ті құрады. Үкімет басшысы бағдарламалардың бірқатар әкімшілерінде бақыланған бюджеттің толық орындалмауына байланысты жұмысты күшейтіп, бюджет қаражатын уақытылы игеруді қамтамасыз етуді тапсырды. «Қолда бар қорларды тиімді пайдалану, «Нұрлы жол», «Нұрлы жер», Индустриялық-инновациялық даму бағдарламаларын және басқа да салалық мемлекеттік бағдарламалардың сапалы әрі толық іске асырылуын қамтамасыз ету қажет», – дей келе, А.Мамин аталған бағдарламаларды іске асыру экономиканы дамытуға елеулі серпін беретінін атап айтты. Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарға экономиканы дамыту қарқынын жеделдету үшін барлық күш жігерді жұмсау тапсырылды.

Отырыс барысында елімізде электронды сауданы дамыту бойынша жүргізіліп жатқан жұмыстар туралы ұлттық экономика министрі Р.Дәленов, цифрлық даму, қорғаныс және әуежарыш өнеркәсібі министрі А.Жұмағалиев, «Қазпошта» АҚ басқарма төрағасы С.Сәрсенов баяндады.

Бүгінгі таңда аталмыш және іргелес салаларда 33 мың адам жұмыспен қамтылған, 2025 жылға қарай бұл көрсеткішті 314 мың адамға дейін жеткізу көзделген. Болжам бойынша сол жылға қарай қазақстандық интернет алаңдарындағы сатып алу көлемі 153 млрд теңгеден 2 трлн теңгеге дейін өсіп, бөлшек сауданың 25%-ін құрайтын болады. Электронды коммерция аясында логистикалық компаниялардың транзиттен күтілетін кірісі 1270 млрд теңгеге дейін өседі.

Үкімет басшысы электронды сауданы экономика өсуінің қозғаушы күштерінің бірі ретінде қарастыру қажеттігін атап өтті. Дамыған инфрақұрылымды ескерумен электронды сауда көлемін арттыру жаңа жұмыс орындарын құруға мүмкіндік береді. Премьер-министр электрондық сауда арқылы отандық ауыл шаруашылығы өндірісінің және басқа да өңдеу өнеркәсібінің өнімдерін шетелдерге, оның ішінде Қытай нарығына өткізу әлеуетін атап өтті. Мысалы, ауыл шаруашылығы тауарлары мен тамақ өнімдерін электронды сауда-саттық арқылы өткізу жыл сайын 20%-ке өсетін болады. «Қазіргі кезде әлемде ірі сауда желілерінің жабылып, олардың электронды коммерция қоймалары ретінде пайдаланылуын ескерсек, алдағы уақытта логистикалық орталықтар нарықтың негізгі бағытына айналуы мүмкін», – деді А.Мамин.

Осыған байланысты еліміздің барлық ірі қалаларында көліктік-логистикалық орталықтарды іске қосу бойынша жұмыстарды жалғастыру, бұл жұмысқа отандық және шетелдік инвесторларды, соның ішінде мемлекеттік-жекешелік әріптестік тетіктерін қолдану арқылы тарту керектігіне назар аударылды. Сонымен қатар Қорғаста қазір жұмыс істеп тұрған инфрақұрылымды пайдалану мүмкіндігін қарастырған жөн. Мәселені қарау қорытындысы бойынша Премьер-министр 2025 жылға дейінгі электронды коммерцияны дамыту жөніндегі жол картасын әзірлеуді тапсырды.

ТУҒАН ЖЕР

АЛМАТЫ БОТАНИКАЛЫҚ БАҒЫ

Алматының ботаникалық бағы – 1932 жылы 108 гектар жерге салынған, ҚР Білім және ғылым министрлігінің бас ботаникалық бағы. 1967 жылы ғылыми-зерттеу мекемесі мәртебесіне ие болды. 2006 жылы Ботаникалық бақ Қазақстанның ерекше қорғалатын аймақтар тізіміне енді. Ол Алматының оңтүстік бөлігінде, теңіз деңгейінен 856-906 метр биіктікте орналасқан. Қазіргі уақытта бақтың аумағы 103,6 гектар. 1982 жылы бақтың экспозициясының жағдайы зерттелгенде, онда 7 мың әр-алуан өсімдіктер түрі болды.

ҚАРЖЫЛЫҚ ҚАДАҒАЛАУ

Бюджетті басқару нәтижелі болуы тиіс

Еліміздің алдында тұрған маңызды экономикалық және әлеуметтік міндеттерді табысты шешудің бір шарты – мемлекеттік басқарудың құрамдас бөлігі ретінде мемлекеттік аудит және қаржылық қадағалау органдарының нәтижелі қызметі болып табылады. Мемлекет активтерін, бюджет ресурстарын тиімді басқару оларды пайдаланудың нәтижелері туралы толық ақпаратсыз қиын. Осыған орай Алматы қаласы Ішкі мемлекеттік аудит департаменті тұрақты түрде аудиторлық іс-шаралар жүргізіп отырады. Мәселен, 2019 жылдың бірінші тоқсанында департамент 56 іс-шараны жүзеге асырды.

Департаментте прокуратура, қылмыстық құдалау органдарының тапсырмалары, сондай-ақ соттың үйғаруы бойынша мамандар тарапынан 12 тұжырым берілді.

Аудиторлық іс-шаралардың нәтижелеріне сәйкес, анықталған заң бұзушылықтардың жалпы сомасы – 8 583,6 млн теңге болды, оның ішінде:

– қаржылық бұзушылықтар – 2 143,8 млн теңге;

– процедуралық сипаттағы бұзушылықтар – 6 439,8 млн теңге, оның ішінде мемлекеттік сатып алу рәсімдерін жүргізу кезінде мемлекеттік сатып алулар туралы заңнама нормаларын бұзу бойынша жалпы сомасы 859,7 млн теңге.

Есеп беру кезеңінде департамент жүргізген қаржылық қадағалау шараларының нәтижесінде бухгалтерлік есеп, жұмыстарды, қызмет көрсетуді және тауар жеткізуді орындау бойынша бюджетке 1 985,5 млн теңге қайтарылды. Бұзушылықтардың орны толтырылған және қалпына келтірілген жалпы сомасынан бюджетке қайтарылғаны – 4,8 млн теңге.

2018 жылы жүргізілген аудиторлық іс-шаралар бойынша бюджетке 814,3 мың теңге қайтарылды. Сондай-ақ осы кемшіліктерге жол берген жауапты тұлғаларға қатысты 53 үйғарым шығарылды. 37 жауапты тұлға тәртіптік жауапкершілікке тартылды. Қазақстан Республикасының әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы заңнамасына сәйкес, 51 әкімшілік іс қозғалды және 5,6 млн теңге толық көлемде бюджетке қайтарылды.

Бухгалтерлік есеп саласындағы бұл кемшіліктер мүдделі тұлғалардың толық әрі шынайы ақпаратпен қамтамасыз етілмегенін, бухгалтерлік қызметтің сапалы жүргізілмегенін көрсетеді.

Сондай-ақ мемлекеттік сатып алу процесінің ашықтығы мен әлеуетті жеткізушілердің арасында адал бәсекелестікті қамтамасыз ету мәселесінде де заң бұзушылықтар орын алғаны анықталды. 2019 жылдың бірінші тоқсанында Департамент басқа мемлекеттік органдардың ұсынуымен 7,0 млн теңге сомасындағы 57 әкімшілік іс қозғады және бюджет кірісіне толық көлемінде әкімшілік айыппұл өндірілді.

Мемлекеттік сатып алулар жүйесінің басты мәселесі – тұтынушы үшін бұл жүйенің тиімділігі мен пайдалылығы екені белгілі. Осы орайда Алматы қаласының тапсырыс берушілері жүзеге асырған мемлекеттік сатып алуларды камералдық қадағалау аясында 45 090 тексеру шараларының 379-ында 9 727,8 млн теңге сомасындағы заң бұзушылықтар анықталды және оларды жою жөнінде тиісті хабарламалар жолданды. Есептік кезеңде 349 хабарлама толық көлемде орындалғанын айта кету орынды. Ал қалған 30 хабарламаның орындау мерзімі әлі өткен жоқ.

Осы кезеңде уақытында орындалмаған екі хабарлама бойынша ҚР Қаржы министрлігі Ішкі мемлекеттік аудит комитетіне мемлекеттік аудит нысандарының қодтары мен есепшоттары бойынша шығыс операцияларын тоқтату жөнінде хаттар жолданды. Мерзімінде орындалмаған хабарламалар бойынша Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 462-бабына сәйкес әкімшілік құқықбұзушылық жөнінде 2 хаттама жасалды және сотқа тапсырылды.

Аталған іс-шаралар мемлекеттік аудит органдарының нәтижелі жұмысы қамтамасыз етудегі қызметін білдіреді. Бюджет қаражатын тиімді пайдалануды қамтамасыз ету жөніндегі бұл жұмыстар осы бағытта жалғасын табады.

Әсия МАСИМОВА,
Алматы қалалық ішкі мемлекеттік аудит департаментінің бөлім басшысы

ШАҒЫН & ОРТА БИЗНЕС

Астана кәсіпкерлікті белсенді дамытуда

Басты қаламыздағы жұмыс істеп жатқан шағын компаниялардың саны бір жылда 40% артыпты. Жалпы алғанда шағын бизнес көтеріңкі дамуда: жұмыс істейтін шағын компаниялардың саны бір жылда 9%-ға, белсенділері – бірден 13%-ға артыпты, деп жазады Finprom.kz сараптамалық агентігі өзінің сайтында.

ИСА ҚАМБАР

Ал, шағын бизнестің ең белсендісі – астанамыз: Нұр-Сұлтан қаласында жұмыс істейтін шағын кәсіпорындардың саны бір жылда 40%-дан астамға артқан.

2019 жылдың наурыз айының соңына еліміз бойынша жұмыс істейтін шағын кәсіпорындардың саны бір жылда 9,3%-ға артып, 279,9 мыңға жеткен. Солардың 56,1%-ы белсенді кәсіпорындар болып саналады, ал бұдан бір жыл бұрынғы көрсеткіш 54,3%-ды құрапты.

Шағын белсенді кәсіпорындардың саны бір жылда 13%-ға арттан және жалпы саны 157,1 мыңға жетіпті. Салыстыра айтсақ: өткен жылдың осындай кезеңіндегі шағын бизнестің жұмыс істеп жатқан компанияларының саны бір жылда 5,4% өсіммен саны жағынан 139 мыңды құрапты *(1-инфографика)*.

Экономикалық іс-қимылдары бойынша бөрінен де белсенді шағын кәсіпорындар көтерме сауда, ретейл және автомобильдер жөндеу салаларында шоғырланған: 23,3% немесе 37,3 мың кәсіпорындар, бір жыл бұрынғыдан 15,8%-ға артық (былтыр 32,2 мың кәсіпорын болған).

Екінші орында құрылыс саласы, мұнда 15,9 мың белсенді кәсіпорын бар екен, жылдық өсімі 26,7%-ды құрапты.

Сондай-ақ үздік үштікке белсенді шағын компаниялары ең көбі қатарында білім беру саласы да кірген: 15,2 мекеме, жылдық өсім 5,6% *(2-инфографика)*.

Аймақтық бөліністе қарастырар болсақ, шағын белсенді компаниялардың саны ең көбі тұрғысында көшбасшылар Алматы мен Нұр-Сұлтан: тиісінше 36,7 мың және 25 мың. Олардың жиынтық саны бір жылда 23,7%-ға арттқан.

Сондай-ақ көшбасшы-аймақтар қатарында Қарағанды облысы да бар: 10,4 мың кәсіпорын. Үздік бестікті (топ-5) Шығыс-Қазақстан және Алматы облыстары қорытындылайды: тиісінше 9,9 мың және 7,9 мың белсенді шағын кәсіпорындар.

Қазақстан Республикасындағы осы бес аймақта еліміздегі белсенді шағын бизнестің 57,2%-ы жұмыс істеп жатыр екен *(3-инфографика)*.

1-инфографика

ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтері негізінде

2-инфографика

ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтері негізінде

3-инфографика



ҚР Қаржы министрлігінің мәліметтері негізінде

ӘЛЕМДІК АҚПАРАТ

CGTN
CHINA GLOBAL TELEVISION NETWORK

Қытайлық компания Қазақстанда автобус шығармақ

2018 жылдың соңында қытайлық Golden Dragon Bus компаниясы Astana Motors-пен өз автобустарын Қазақстанда шығару туралы келісімге қол қойды. Қазақстан үкіметі жергілікті өндірісін арттыруға үміт артады, деп хабарлайды www.cgtn.com сайты-нан.

Осындай талапты ескере келе, Қазақстан Даму Банкі Golden Dragon автобустарын сатып алғысы келетін клиенттерге 3 пайыздық төмен пайыздық мөлшерлеме бойынша арнайы кредиттер ұсынады. Өйткені бұлар осында, Алматыда шығарылатын болады.

Бұл жоба қазақстандықтарға жолдарды және көліктерді жөндеуге қолұшын бермек. Golden Dragon Bus автомобильдері өндірісін және сатуды жүзеге асырғалы отырған «Астана Моторс» компаниясы өз қызметінде Қытай тарапы ұсынып отырған талаптарға да жауап береді, деп жазады аталмыш сайтта.

euronews

Еуропада болатқа сұраныс төмендеген

Әлемдегі аса ірі болат өндіруші және Қазақстанда инвестор болып табылатын ArcelorMittal компаниясы таяуда өзінің Еуроодақтағы (ЕО) негізгі нарығында болатқа сұраныстың болжамы өзгергені туралы жариялады, деп хабарлайды www.euronews.com сайты.

Компанияда мұны, өндіріске байланысты, әлемдік экономикалық өсудің іркілуі және шығындардың артуымен түсіндіреді. Бұдан бұрынырақ сұраныстың құлдырауы мен импорттың артып кетуі салдарынан ArcelorMittal ЕО-да болатты өндіру – жылына 3 миллион тоннаға – қысқаратыны туралы мәлімдеген болатын.

Польша мен Испаниядағы болат құятын зауыттардың жұмысы уақытша тоқтатылатын болады. Өткен аптада компанияның акциялары 4,5%-ға құлдырап кеткен.

S&P Global Ratings

S&P Халық Банктің рейтингін құптады

S&P Global Ratings агенттігі «Қазақстан Халық Банкі» АҚ-ның ұзақ мерзімді кредиттік рейтингін «BB» деңгейінде және қысқа мерзімді рейтингін «B» деңгейінде құптады. Сонымен қатар банктің ұлттық шкала бойынша рейтингі «kzA+» деңгейінде құпталған, деп жазады рейтингтік агенттіктің хабарламасында.

S&P талдаушылары Халық Банктің (ХБ) өтімділікті басқаруда ұстамды саясат жүргізіп отыр және бейілді клиенттік базасы бар деп есептейді. Сарапшылар сондай-ақ ХБ-тің өтімді активтерінің едуір бөлігін тәуелсіз құнды қағаздар, орталық банкте орналастырылған құралдар құрайтынын атап көрсетеді.

Батыр РАХМЕТУЛЛИН

БИЗНЕС&ҚАРЖЫ

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ҒЫЛЫМ ҚОРЫ

ТОЛЫҚҚАНДЫ ИНВЕСТОР БОЛУЫ ТИІС

Сенат спикері Дариға Назарбаева «Ғылым қоры» акционерлік қоғамында болды.

Кездесу барысында ғалымдар соңғы ғылыми жаңалықтарын таныстырды. Ғылым жаңалықтарын өндіріске енгізу арқылы экономиканың тиімділігін арттыру мақсатында «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» заң қабылданды. Осы ретте басты міндет жоғары оқу орындары мен ғылыми ұйымдар жасаған жаңа технологияларды коммерциялық тұрғыда пайдалануды ынталандыру болып табылады. Қор коммерцияландыру жобаларына мемлекеттік қаржыландырудың жалпы көлемінің 14,5% (5 млрд теңге) мөлшерінде бизнестен қосымша қаржы тартты. Қолға алынған жұмыс нәтижесінде қазір 31 жоба өнім шығару кезеңіне шықты. Жұмыс орындары ашылып, бюджетке 964 миллион теңге салық түсті.

Д.Назарбаева ғалымдардың ой-пікірлері мен ұсыныстарын тыңдай келіп, «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» заңға сәйкес Қордың табыс таба алатын толықканды инвестор болуы керек екенін атап өтті. Осындай жағдайда Қор әрбір бизнес-жобаны өзінің меншігі ретінде бағалайтын болады. Оның табыстылығы ұлғайып, ғылым мен бизнес жобаларды көбірек алады, қаржыландыру көздерін біріктірудің нақты мүмкіндігі пайда болады.

Спикер сонымен қатар ғылыми жобалар маркетингін белсенді түрде жүргізіп, ғылыми қызмет нәтижелерін бұқаралық ақпарат құралдарында кеңінен жариялау, республикалық телеарналарда арнайы айдарлар қалыптастыру, әлеуметтік желілерді пайдалану қажеттігін айтты.

ҰЛТТЫҚ БАНК: 7-20-25

ИПОТЕКАЛЫҚ КРЕДИТТЕУГЕ СЕРПІН БЕРДІ

Ұлттық банк Елбасының бес әлеуметтік бастамасы аясында қолға алынған «7-20-25» бағдарламасын іске асыруды жалғастыруда.

Сейсенбідегі үкімет отырысында Ұлттық банк төрағасы Ерболат Досаев биылғы 6 мамырдағы мәліметтерге сәйкес, бағдарлама басталғанған бергі 10 ай ішінде 6 380 отбасы 74,9 млрд теңге сомаға жеңілдік талаптарымен ипотекалық қарыз алғанын атап өтті. Таяу уақытта тағы да 1 253 отбасы қаражат алады. Жалпы алғанда 145,5 млрд теңге сомаға 12 830 өтінім қабылданған.

«7-20-25» бағдарламасы ипотекалық кредиттеудің өсуіне серпін берді. Бас банкир бағдарлама былтырғы шілдеде іске қосылған сәттен бастап банктердің ипотекалық қоржыны 1,4 трлн теңгеге дейін, 18,9%-ға өскенін алға тартты. Экономиканың басым секторларын қаржыландыру үшін банктерге ұзақ мерзімді ресурстар берілуде. Көзделген 600 млрд теңгеден 112,7 млрд теңге сомаға үш банктің облигациялары сатып алынды. Қаржы реттеушісінің басшысы соңғы қарыз алушылардың бұл қаражатты баяу игеруі байқалып отырғанын айтты. Банктер небәрі 14,9 млрд теңге сомаға өтінімді мақұлдаған. Осы ретте «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы, облыстардың, республикалық маңызы бар 3 қаланың әкімдері нақты экономика тарапынан сұранысты қалыптастыру жұмысын жандандыруға тиіс», – деді ол.

Е.Досаев сөзін қорытындылай келіп, Ұлттық банк күні кеше екінші деңгейлі банктермен бағдарламаны іске асыруды жандандыру жөнінде арнайы кездесу өткізгенін, бұл тұрғыда банктерді ресурстармен толық көлемде және барынша қысқа мерзімде қамтамасыз етуге әзір екендігін жеткізді.

АВТОӨНДІРІС

ОТАНДЫҚ КӨЛІКТЕР СҰРАНЫСҚА ИЕ

Қазақстандықтар сәуір айында 52 миллиард теңгеге 5,5 мың автокөлік сатып алды.

Ел экономикасының өсім қарқыны 4 пайыздық деңгейді сақтауда. Валюта бағамы тұрақты. «Осы факторлардың арқасында 2016 жылдан бері жаңармаған рекордтың сеңі бұзылып, бір айдың ішінде 52 млрд теңгеге 5,5 мың автокөлік сатып алынды. Сатылған көліктердің 58,6% отандық өндіріске тиесілі. Жеңілдетілген автонесие бойынша мемлекеттік бағдарламаның арқасында бұл рекордтық көрсеткіш мамыр айында тағы жаңаратын секілді», – дейді Қазавтөндіріс» автокөлік саласындағы кәсіпорындар одағы директорлар кеңесінің төрағасы Олег Алферов.

Биыл 4 айда еліміздегі ресми диллерлер 18 838 көлік сатып, өткен жылдың тиісті мерзіміне қарағанда 20,5% өсімге қол жеткізген. Есепті кезеңде тұрғындар автокөлік алуға 172,8 млрд теңге ($456,7 млн) жұмсаған (2018-дің тиісті көрсеткішінен 41,3% артық). «Осы аралықта 10 449 сатып алушы отандық автозауыттан шыққан көліктерді таңдаған. Ал 8 389 көлік – импорттың үлесінде. Сонымен қатар, сәуір айында қазақстандық автөөндіріс нарықтың 58,6% үлесіне ие болып, рекорд көрсетті», – дейді О.Алферов.

Биылғы жылдың 4 айының қорытындысы бойынша, қазақстандықтардың сұранысына ие көлік брендтерінің төртгігін Lada бастап тұр. Осы уақыт ішінде бұл маркамен 4 743 көлік сатылған.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

ҰЛТТЫҚ БАНК

Теңге бағамы іргелі факторлардың әсерімен қалыптасуда

Сәуірде айлық инфляция 0,5 пайызды құрады. Жылдық инфляция биылға межеленген 4-6% нысаналы деңгейдің орта шамасында тұрақтанып, өткен айдың қорытындысы бойынша 4,9% деңгейде қалыптасты. Бұл туралы сейсенбідегі үкімет отырысында жасаған баяндамасында айтып өткен Ұлттық банктің төрағасы Ерболат Досаев жалпы ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты деп бағалады.

РЫМТАЙ САҒЫНБЕКОВА

Инфляция деңгейінің төмендеуіне жылдық шамада алғанда азық-түлікке жатпайтын тауарлар бағасы өсуінің 6%-ға дейін және ақылы қызметтерге тарифтердің 1,2%-ға дейін баяулауы ықпал еткен. Осы ретте Ұлттық банк басшысы инфляцияны орта мерзімді кезеңде нысаналы деңгейде сақтау үшін жылдық көрсетуде 7,1%-ға өскен азық-түлік сегментіндегі бағаны тұрақтандыру бағытында үкіметтің жүйелі шараларын күшейту қажеттігін атап өтті. «Инфляцияның ағымдағы деңгейін және инфляциялық күтулерді ескере отырып, базалық мөлшерлеме 9,00%-ға дейін төмендетілді және деңгейі +/-1 пайыздық тармақ шегінде сақталады. Инфляцияның тұрақтануы және қаржы-несие саясатының жұмсаруы кредиттердің қолжетімділігінің артуын қамтамасыз етеді. Биыл наурызда бизнеске арналған теңгемен кредиттер бойынша мөлшерлеме өткен жылғы наурыздағы 12,8 пайызбен салыстырғанда 12,0%-ға дейін төмендеді, оның ішінде қысқа мерзімді кредиттер бойынша – 12,1%, ұзақ мерзімді кредиттер бойынша – 11,5%», – деді Е.Досаев.

Қаржы реттеушісінің басшысы банк секторында қалыпқа келтіру үдерісі аяқталуға жақындап қалғанын айтты. «Банктер жұмыс істемейтін қарыздарды тануды, сондай-ақ әлеуетті кредиттік шығындарға провизияларды ұлғайтуды жалғастыруда. Жұмыс істемейтін қарыздар биыл жылдың басындағы несие қоржынының 7,4%-нан наурыздың қорытындысы бойынша 8,6%-ға дейін өсті. Қалыптасқан провизиялар 2,3 трлн теңгеге дейін немесе несие қоржынының 17,9%-на дейін өсті», – деді бас банкир.

Кредиттеу нарығы белсенді түрде қалпына келуде. Биылғы қаңтар-наурызда 2,9 трлн теңге сомаға жаңа кредиттер беріліп, өткен жылғы бірінші тоқсанмен салыстырғанда 8,5%-ға өскен. Ұлттық банк төрағасы кредиттеудің өсуіне қорландыру базасының сапалы жақсаруы ықпал етіп отырғанын атап өтті. Ұлттық валютадағы салымдар биыл жылдың басынан бері 5,1%-ға өсіп, шетел валютасындағы салымдар 20,4%-ға төмендеген. Осының салдарынан депозиттерді долларландыру соңғы 5 жылда ең аз мәнге жетіп, 41,5%-ға дейін төмендеді.

Ұлттық банк басшысы хабарлағандай, ішкі валюта нарығындағы ахуал тұрақты. Бағам белгілеу сұраныс пен ұсыныстың, яғни нарықтық факторлардың негізінде орын алып отыр. Ұлттық валюта бағамы жыл басынан бері бір АҚШ доллары үшін 384,2 теңгеден 379,43 теңгеге дейін нығайды. Теңге бағамы іргелі факторлардың әсерімен қалыптасуда. Мәселен, мұнайдың әлемдік бағасы жыл басынан бергі кезеңде бір баррель үшін 54 доллардан $70-ке дейін жетіп, 31,3%-ға өсті. Мұнай бағасының өсуі, сондай-ақ шетелдік қоржындық инвестициялардың келуі аясында жыл басынан бері Ресей рублі бір АҚШ доллары үшін 65,23 рубльге дейін, 6,1%-ға нығайды. АҚШ федералдық резервтер жүйесінің пайыздық саясатқа қатысты ұстанған бағытының жұмсаруы да ақша ағындарының дамушы нарықтарға қайта бет алуына және қазақстандық активтерге деген сұраныққа ықпал етеді. Алайда АҚШ пен Қытай арасындағы орын алған сауда шиеленісіне қатысты түйіннің қашан, қалай шешілетіні белгісіз болып тұрған жағдайда барлық дамушы елдердің валюталарына қысым сақталатын болмақ.

Төлем теңгерімінің ахуалы жақсару үстінде. Алдын ала бағалауға сәйкес, биыл бірінші тоқсанда ағымдағы операциялар шоты 0,8 млрд АҚШ доларына тең профицитпен қалыптасты. Ағымдағы шоттың профициті қатарынан екі тоқсан бойында теңгенің нығаюына алғышарттар жасайды. «Бұл жақсаруға сауда теңгерімінің оң сальдосының 14,4%-ға, яғни 7,1 млрд АҚШ доларына дейін өсуі себеп болды. Тауарлар экспорты 14,9 млрд АҚШ доларына дейін жетіп, 9,9%-ға, тауарлар импорты 7,8 млрд АҚШ доллары көлемінде болып, 6,1%-ға ұлғайды», – деді Е.Досаев.

Ұлттық банк басшысы сәуір айының соңында жалпы халықаралық резервтер 86,4 млрд АҚШ долларын құрағанын атап өтті. Ұлттық қордың активтері жылдың басынан бері 58 млрд АҚШ долларына 59,3 млрд АҚШ долларына дейін өсті. Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері сәуірде 0,2%-ға ұлғайып, 1 мамырда 27,1 млрд АҚШ доллары көлемінде соманы құрады. Ұлттық қордың активтерін қоса алғанда, жалпы халықаралық резервтер сәуірде 0,4%-ға өсті.

Еліміз Ұлттық банкінің жалпы халықаралық резервтерінің көлемі сыртқы борышқа және тауарлар мен қызметтер импортына қызмет көрсету бойынша макроэкономикалық тұрақтылықты қамтамасыз ету үшін жеткілікті болып табылады. Жыл басынан бергі кезеңде резервтер көлемінің төмендеуі сыртқы міндеттемелерге, оның ішінде Үкіметтің сыртқы борышы мен квазимемлекеттік секторға қызмет көрсету, сондай-ақ салымдарды долларсыздандырудың жалғасуына байланысты екінші деңгейдегі банктердің корреспонденттік шоттарынан қаражаттың әкетілуінің салдары болып табылады.

Осы ретте Ұлттық банк жекелеген сарапшылардың арандатушылық бақылауына және болжамдарына ермеуді және тәуекелді алыпсатарлық операциялардан абай болуды ескертеді. Ұлттық банк валюталық нарықтағы жағдайды тұрақты негізде зерттеп, зерделеп отырады, қажет болған жағдайда қаржылық тұрақтылықтың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында тиісті шараларды жүзеге асыратын болады.

СТАТИСТИКА

2019 жылғы сәуірде тұрғын үй нарығындағы бағаның өзгеруі

2019 жылғы сәуірде өткен аймен салыстырғанда жаңа тұрғын үйлерді сатубағалары – 0,7%, абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату 0,4%-ға өсті, ал абаттандырылмаған тұрғын үйлерді алып сату өзгеріссіз қалды.

Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемі өткен айдағы деңгейде қалды.

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНДАҒЫ БАҒАНЫҢ ӨЗГЕРУІ

кезең соңына, өткен жылғы желтоқсанға пайызбен, өсуі +, төмендеуі -

	2011	2012	2013	2014	2015	2016	2017	2018	2019 жылғы сәуір
Жаңа тұрғын үйлерді сату	7,1	12,1	9,6	11,5	15,8	-3,6	1,3	2,6	1,6
Абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату	4,3	16,8	13,8	17,6	9,1	-0,7	-1,6	1,9	1,5

ТҰРҒЫН ҮЙ НАРЫҒЫНДАҒЫ БАҒА

пайызбен, өсуі +, төмендеуі -

	1 шаршы метрінің бағасы, теңге	2019ж. сәуір				2019 жылғы қаңтар-сәуір 2018 жылғы қаңтар-сәуірге
		2019 ж. наурызға	2018 ж. желтоқсанға	2018 ж. сәуірге	2015 ж. желтоқсанға	
Жаңа тұрғын үйлерді сату	280 081*	0,7	1,6	3,1	1,8	2,9
Абаттандырылған тұрғын үйлерді алып сату	191 450	0,4	1,5	3,1	1,0	2,6
Абаттандырылмаған тұрғын үйлерді алып сату	119 365	0,0	0,9	2,5	6,2	2,9
Абаттандырылған тұрғын үйді жалға алу төлемі	1 431	0,0	2,2	7,4	12,2	7,5

**Бастапқы, таза әрленген пәтерлердің жалпы ауданының бір шаршы метрінің республика бойынша орташа бағасы.*



Әдіснамалық түсініктемелер:

Тұрғын үй нарығындағы бағаны байқау астанада, Алматы, Шымкент, Семей қалаларында және облыс орталықтарында құрылыс компанияларын қоса қалалық қор бойынша жылжымайтын мүлікпен операцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың іріктелген шеңбері бойынша жүргізіледі.

А.САНДЫҚБАЕВА,
Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті

БАСТАУ

Тігін цехы жұмыс істейді

Қарабұлақ ауылының тұрғыны Зібила Рахымжан киім-кешек тігетін цех ашты. Нысанда төрт адам жұмыс істейді.

ДИАС БЕЙСЕНБЕК

Онда күнделікті киімдермен қатар, түрлі мерекелік костюмдер, мамандандырылған және ұлттық киімдер тігіледі. Кәсіпкердің жеке іс ашуына мемлекеттік қолдау себеп болды. Зібила ханым «Бастау» оқыту жобасы арқылы бизнес жүргізуге машықтанып, 6 млн теңге көлеміндегі жеңілдетілген несиеге қол жеткізді.

Зібиланың цехы бір жылдан астам жұмыс істеп тұрғанына қарамастан аз уақыт ішінде танымал атанды. Бүгінде ел аузында. Осының барлығы сапалы орындалған жұмыс пен бірегей бағаға байланысты, дейді кәсіпкер.

Цех ашылғаннан бері жұмысшылар 1000-нан астам тапсырысты орындап үлгерген. Бұл 16 мыңға жуық тұрғыны бар Қарабұлақ ауылы үшін айтулы көрсеткіш болып табылады.

Зібила Рахымжан осыған дейін медбике болып жұмыс істеген. Тігіншілік өнеріне кішкентайынан қолөнерші анасы баулыған.

Бүгінгі жетістіктеріне қарамастан, кәсіпкердің мақсат-жоспары көп. Енді таңда ол жергілікті жұмыссыз әйелдерді тігу ісіне үйретіп, кейін цех қызметіне орналастыруды ойлап отыр.

«Біздегі жұмыстың көлемі ұлғайып келеді. Осыған байланысты өндірісті кеңейтіп, жұмысқа тағы да 20 адамды қабылдағым келеді. Тағы бір арманым – аяқ киім цехын ашу. Көпшілік арасында отандық өндірішілердің аяқ киімін сатып алуға сұранысы жоғары», – деп атап өтті Зібила Рахымжан.

Жалпы өткен жылы Ескелді ауданында «Бастау» жобасы бойынша 162 жұмыссыз және өзін-өзі қамтыған азамат оқып шықты.

ИНДУСТРИЯ 4.0

Кәсіпорындар – қуатты даму жолында

> [1]

Индустриялық-инновациялық даму мемлекеттік бағдарламасы аясында іске қосылған бұл жоба – Қазақстанда заманауи, азшығынды тау-кен өндірісін дамытуға бағытталған, өсу әлеуеті зор мыс өндіруші компания арқылы мыс пен алтынның тұрақты экспортын жолға салу көзделуде. Ағымдағы жылдың I-тоқсанында Kaz Minerals тобы 70 мың тоннаға жуық мыс өндіріп, бұл өткен жылғы ұқсас мерзім көрсеткішіне қарағанда 4% артық болды. Бұл бағытта жыл аяғына дейін Бозшакөлдегі мыс құрамының жоғары болуы, сондай-ақ Николаев кен байыту фабрикасындағы өңдеу көлемі мен Бозшакөл кен байыту фабрикасында каолинизацияланған руданы өңдеу көлемінің артуы есебінен өндіріс өсімі күтіледі. Бозшакөл мен Актоғай сульфидті кендерін өңдеу фабрикалары I-тоқсанда өткізу қабілеттілігінің жобалық деңгейіне қол жеткізді. Қазіргі уақытта компания 300 мың тонна көлемінде мыс өндіру бойынша 2019 жылғы жоспарды жүзеге асыру жолында.

Өңірге жұмыс сапары кезінде Роман Скляр сондай-ақ ең көне және ірі көмір кеніштерінің бірі – «Богатырь Көмір» ЖШС жұмысымен танысты. Бүгінгі таңда «Богатырь» және «Солтүстік» екі разрезі Қазақстандағы көмір өндірісінің жалпы көлемінің 44%-ін құрайды. Толық қуатымен жұмыс істейтін компанияда былтыр шамамен 45 миллион тонна көмір өндірілді. Сонымен қатар ол – 6,5 мыңнан астам адам жұмыспен қамтылған аймақтағы ең ірі жұмыс беруші кәсіпорындардың бірі.

Импортты алмастыру шеңберінде ауыр өнеркәсіп кәсіпорындары белсенді түрде дамып келеді. Теміржол кластерін «Проммашкомплект» ЖШС жергілікті өндіріс орындары тетіктермен қамтамасыз етуде. «Проммашкомплект» ЖШС 2006 жылдан бағыттамалық бұрма, крестовина, жөндеу жинақтары, қатты диаметрлі темір жол доңғалақтарын өндірумен айналысады. Кәсіпорынның қызметі теміржол кластерін дамыту шеңберінде жобаны іске асыру үшін жоғары технологиялық импорт алмастырушы өндірісті құруға бағытталған. «Қазақстан вагон құрылысы компаниясы» ЖШС жүк вагондарын шығаруда. Тапсырылған мерзімде кәсіпорын жылына 2000 жартылай вагондар және 500 жабық вагондар немесе 500 платформа шығара алады.

– Бұрынырақ ресейліктер қатты доңғалақтар шығаруға арналған осындай зауытты салуды жоспарлаған еді, бірақ бұл идеядан бас тартты, өйткені олардың жеткілікті саны Екібастұзда шығарылады. Біз әріптестермен нақты қандай өнім өндіру қажеттігін пысықтап отырамыз. Бұл ЕАЭО аясындағы келісілген өнеркәсіптік саясаттың жарқын мысалы. Қазақстан вагон құрылысы компаниясының өнімдері өз елімізбен қатар, шетелде де сұраныска ие. Өндірісті тоқтату проблемалары болды. Бірақ компания өкілдерінің түсіндіруінше, бұл Ресейден компоненттерді жеткізуді тоқтатуға байланысты орын алды. Әрине, КВК басшылығы бойынша мәселелер бар. Менің ойымша, компания өндірісті реттеп, қалыпты режимге көшуі керек, – деді Р.Скляр.

Министр кәсіпорын басшылығымен, жеткізушілермен және тапсырыс берушілермен мұндағы мәселелердің шешімін табу жолдарын талқылады.

Биыл облыстық және аудандық маңыздағы жолдарды жөндеудің барлық түрлеріне республикалық бюджеттен 200 миллиард теңге бөлінген. Нәтижесінде республика бойынша 10 мың шақырым автожолдар жөндеуден өткізілмек. Бүгінгі таңда Павлодар облысында 210 км автомобиль жолдарын қайта қалпына келтіру жұмыстары жүргізілуде. Ең ауқымды жоба – Нұр-Сұлтан-Павлодар автобаны. Министр Екібастұзға сапары барысында жолай Шідерті кентіндегі Нұр-Сұлтан-Павлодар тас жолының қалпына келтіру учаскесіне барды. Р.Скляр Шідерті кентінің маңындағы жол учаскесін қайта қалпына келтіру жұмыстарымен және ондағы жасалған жол жиынтығымен танысты. Мұнда «Қазавтожол» басшылығы жол құрылысының барысы туралы ақпарат берді. Ақмола облысында орналасқан трассаның соңғы бөлігі биылғы қаңтарда пайдалануға берілген. Автомагистраль салу құрылысын аяқтау үшін Павлодар облысында орналасқан бірнеше учаскелердегі жұмыстарды аяқтау қажет. ИИДМ басшысы мердігерлік ұйымдарға құрылысты жылдам аяқтауды, жұмыстарды атқару кестесін қайта қарауды тапсырды. Құрылыс жұмыстарының сапасы бойынша жауапкершілік, түптеп келгенде, тапсырыс беруші, яғни министрліктің мойнында қалатынына ерекше назар аударды. Сонымен бірге ел тас жолдарындағы шектен тыс жүк тасымалын болдырмаудың маңыздылығын қадап айтты.

– Павлодар облысында шектен тыс жүк тасымалын болдырмау бойынша бақылауды күшейту жұмыстары пилоттық режимде жүзеге асырылуда. 2017-18 жылдар аралығында облыстық көліктік инспекция айыппұлдар мен тексерістер санын 3,5 есе арттырған. Бір күні біздер 47 тонна қиыршық тас артып келе жатқан қытайлық жүк машинасын тоқтаттық. Бұдан кейін жолдарымыздың қандай күйге түсетінін аңғара берініз, – деді ол.

Облыс әкімі Болат Бақауов та мердігер ұйым өкілдеріне күзгі суыққа қалып қоймай, құрылыс жұмыстарын неғұрлым ерте тәмамдау, жаз маусымын белсенді пайдалану қажеттігін нығыздады.

ЖАЛПЫҒА ОРТАҚ ЕҢБЕК ҚОҒАМЫ

Жалдамалы жұмысшылар

Немесе еңбек даулары мен кикілжіңдері туындауының себебі неде?

> [1]

Рас, Қазақстанда соңғы жылдары жұмыспен қамтудың аутстаффинг түрі кең қолданыла бастады. Бір жағынан, құрылыс бизнесіндегілер үшін жалдамалы еңбек тиімді. Екінші жағынан, еңбекпен қамтудың мұндай түрі жұмысшылардың еңбек құқықтарының бұзылуына алып келеді.

Жалдамалы жұмысшыларды пайдаланушылар еңбек заңдылығына байланысты екіжақты келісім жасаудан қашқақтайды. Өйткені, заң жүзінде олар жалдамалы адамдар үшін жұмыс беруші болып табылмайды. Бұл жерде жұмыс беруші – жалдамалы адамдарды әкелген компания.

Жалдамалы жұмысшылармен ұжымдық келісім-шарт жасалмайды. Өндірісте қайғылы жағдай бола қалса, жұмысшылардың өмірі мен денсаулығына келген зардаптың орнын толтыру мен олардың құқын қорғау мүмкін емес.

Бір сөзбен айтқанда, елімізде жалдамалы еңбекті реттеу бағытындағы заңның жоқтығы негізгі мәселе болып отыр. Парламент Мәжілісінің депутаттары осыған байланысты заң жобасын әзірлеуге бастама жасаған еді. Кәсіподақтар федерациясы оларды қолдау жөнінде Үкіметке ұсыныс жолдады. Нәтижесі қалай болатынын алдағы уақыт көрсетеді.

Ал еңбек дауларына келетін болсақ, Еңбек кодексінде жеке еңбек даулары сотқа жеткізбей-ақ міндетті түрде кәсіпорындардағы келісім комиссияларында қарастыру көзделген. Бұл медиацияның бір тетігі деуге болады.

Жеке еңбек дауларын шешуге көмек көрсету мақсатында Кәсіподақтар федерациясы 2018 жылдың басында Қазақстан Республикасының Жоғарғы сотымен өзара ынтымақтастық туралы Меморандумға қол қойған болатын. Осы Меморандумға сәйкес еңбек, әлеуметтік және басқа да дау-дамай мен жанжалдарды шешу үшін өңірлердегі кәсіподақ орталықтарында 17 Татуласу орталығы құрылды. Онда судьялар мен кәсіподақ медиаторлары ойдағыдай жұмыс жүргізіп отыр.

Ұжымдық дау-дамайлардың алдын алу мақсатында 2018 жылы «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасы мен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірге әлеуметтік әріптестік шеңберінде бірлескен іс-қимыл жоспары жасалды. Осы құжат арқылы аймақтардағы әлеуметтік жағдайларға мониторинг жүргізуге, өзара жедел ақпарат алмасуға, еңбек даулы туындайтын кәсіпорынға барып, даудамайдың алдын алуға мүмкіндік бар. Мәселен, Қостанай облысындағы Тобыл жол станциясында, Маңғыстау облысындағы «Oil Services Company» компаниясында және басқа да мекемелерде еңбек даулары алғашқы сәттеақ бірлескен іс-қимыл жоспарының арқасында ойдағыдай шешімін тапты.

Жүйелі жұмыстың нәтижесінде ұжымдық еңбек даулары 2017 жылмен салыстырғанда 2018 жылы 2,5 есе азайған. Жалпы соңғы 5 жылда еңбек кикілжіндері 14 есе төмендеген.

Сонымен бірге бұл бағыттағы жұмыс еңбек заңдылықтарындағы жетілдірілмеген бірқатар нормаларды айқындап берді. Бұған дәлел – соңғы жылдары елімізде болған ереуілдердің барлығын сот заңсыз деп таныды. Өйткені, жұмысшылар өздерінің талаптарын жеткізудің процедуралық тәртібін сақтамаған. Бұл мәселені дұрыс шешу үшін Еңбек кодексінің тиісті бөліміне өзгерістер енгізу қажет.

Еңбек қарым-қатынасында кикілжіндер мен әлеуметтік наразылыққа әкелетін күрделі мәселелердің ішінде екі маңызды мәселені шешу қажет болып отыр. Біріншісі – жалдамалы еңбек, екіншісі – өндірісте адамның өмірі мен денсаулығына келтірілген залалдың орнын толтыру.

Жұмыс орнында зардап шеккендерге төлемді зейнет жасына дейін ғана төлеу үлкен наразылық тудырып отыр. Өйткені оларға зейнет демалысына шыққанда зейнетақы, не болмаса мүгедектігіне байланысты өтемақы төленеді дегенді алға тартады. Бұл Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінің негізгі бөлігінің 937 тармағына қарама-қайшы.

Қазақстанда жыл сайын өндірістік жараақаттан 200-ден астам адам қайтыс болады. Жылдан-жылға өндірістегі өлімнің азаюы байқалғанымен. еліміздің көптеген кәсіпорындарында бұл мәселе әлі де өзекті. Өйткені, өлім-жітімнің 65 пайыздан астамы жұмыс берушілердің кінәсінен болады.

Өндірісте қайтыс болған бақытсыз жағдайлар Қарағанды, Түркістан, Шығыс Қазақстан, Ақмола, Қостанай облыстары мен Шымкент қаласында көбірек орын алған. Өлім жағдайлары құрылыс пен тау кенметаллургия кәсіпорындарында, теміржол және автомобиль саласында көп кездеседі.Жұмыс берушілер арасында бақытсыз жағдайларды жасыратындар да бар.

Кәсіподақтар федерациясы әлеуметтік әріптестермен бірге еңбек заңдылығын жетілдіру үшін кәсіпорындарда еңбекті қорғауды басқару жүйесін ендіру, шет мемлекеттердің тәжірибесіне сүйене отырып, еңбекті қорғау мен қауіпсіздігіне байланысты әкімшілік және қылмыстық жауапкершілікті күшейту, өндірістегі бақытсыз жағдайлар мен сырқаттарды есепке алу мен бақылау жүргізудің бірыңғай ақпараттық жүйесін жасау жөнінде Үкіметке өз ұсыныстарын жеткізді.

Сонымен бірге Кәсіподақтар федерациясы Үкіметке «Қауіпсіз еңбек» мемлекеттік бағдарламасын қарастыру, өндірістік жарақаттарды азайту мен еңбекті қорғау жүйесін енгізуге байланысты кешенді жоспарды бекіту жөнінде де ұсыныс жасады.

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

ГЕОЛОГИЯ

СЕГІЗБАЙКӨЛДЕ БҰРҒЫЛАУ БАСТАЛДЫ

Қазгеология Сегізбайкөл алаңында мыс пен полиметалл кендерін іздеу жұмыстарын жалғастырады.

Басты мақсат – Жезқазған өңірінің минералдық шикізат базасын толықтыру үшін кен қоры мол аландарды анықтау. Қарағанды облысының Ұлытау ауданы аумағында, Ұлытау кентінен солтүстік-батыста 7 км қашықтықта, батысында Сарлық елді мекенінен 3-4 км қашықтықта орналасқан Сегізбайкөл алаңында былтыр электр барлауын жүргізуді қамтитын геологиялық-геофизикалық жұмыстар кешені, іздеу бағыттары және тау-кен жұмыстары жүргізілді. Нәтижесінде геофизикалық бағыттарда полярлануы жоғары аномалиялық аймақтар, ашылған қатпарларда қорғасын мен мырыштың минералданған аудандары анықталды, оларда сфалерит, галенит және малахит минералдануы байқалды. Сондай-ақ тарихи деректер бойынша полиметалл кенінің қоры табылуы мүмкін деп белгіленген Сегізбайкөл аумағы алаңындағы Құдық, Арпабұлақ, Әбит, Сарысай және Озерное (кварц-алтын-сульфидті) кен орындарында да Қазгеология жүргізген электр барлауы барысында аномалиялық аймақтар анықталды.

Қазір осы анықталған аймақтардағы аномалиялық және минералдану деңгейін растау үшін іздеу ұңғымаларын бұрғылау басталды. Жұмыс елімізде теңдесі жоқ ағылшындық DANDO ұтқыр қондырғысымен жүргізілуде.

ӨҢІРЛІК ДАМУ

СОНЫ ТЕХНОЛОГИЯМЕН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ

Жамбыл облысында неміс компаниясы алтын өндіретін кәсіпорын салады.

Бұл туралы облыс әкімдігінде Германиядан келген бизнес өкілдерімен Қордай ауданында ірі тау-кен металлургия комбинатын салу жобасын талқылау барысында айтылды. 2016 жылы Таразда өткен «Taraz Invest - AgroChemical Day» инвестициялық форумында Жамбыл облысы әкімдігі мен Германияның «Aurum Deutschland AG» тау-кен өндіру компаниясы арасында тау-кен металлургия комбинатын салу туралы меморандумға қол қойылған болатын. Құжатқа сәйкес, комбинаттың құрылысын 2019 жылы бастау жоспарланған. Өндіріс үдерісінде компания Германияның алтын өндірудің соны технологиясын сынақтан өткізуді ойластырған.

Облыс әкімі Асқар Мырзахметовпен өткен кездесуде «Aurum Deutschland» ЖШС (Aurum Deutschland AG компаниясының еншілес кәсіпорны) бас директоры Юрий Фадеев биыл Қордай ауданындағы Шоқпар және Гагарин кен орындарында алтын өндіру кәсіпорнын салу жұмыстары басталуы тиіс екендігін атап көрсетті. Болашақ комбинатқа 160 гектар жер беріледі. Алтын кенішінде іске қосылатын зауыттың жоспарлы қуатына сәйкес, жылына 5 100 тонна бағалы металл өндірілетін болады. Қордай ауданында құрылыс жұмыстарын жүргізу кезінде кем дегенде 5 мың, ал зауыттың іске қосылуымен мың жаңа жұмыс орны ашылады.

ИНВЕСТИЦИЯ

ҚАРЖЫ ӨНЕРКӘСІП ПЕН АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫНА МОЛ ТАРТЫЛДЫ

Қостанай облысына тартылған инвестицияның негізгі бөлігі өнеркәсіп пен ауыл шаруашылығы салаларының үлесіне тиесілі.

Былтыр өңір экономикасына шамамен 245,3 миллиард теңге инвестиция құйылған. Осы ретте инвесторлар тарту мақсатында атқарылған істер туралы облыс әкімі Архимед Мұхамбетов: «Әлеуетті инвесторлардың пайдалы ақпаратқа оңай қол жеткізуін қамтамасыз ету мақсатында облыстың интерактивті инвестициялық картасы жұмыс істейді. Оған инвестициялар тартуды талап ететін инвестжобалар, қолжетімді инфрақұрылым және пайдалы қазбалар туралы мәліметтер енгізілген. Біз биыл облысымызға инвесторлар көптеп келеді деп үміттенеміз. Сол үшін де имидждік іс-шаралар жалғасатын болады», – деп атап өтті.

Былтыр Қостанайда өткен «Kostanay Invest 2018» екінші өңірлік инвестициялық форумының нәтижесінде жалпы сомасы 251 миллиард теңге болатын 19 өзара ынтымақтастық және әріптестік құжатына қол қойылды. «Қостанайдың экономикалық «көзілерінің» біріне айналған индустриялық аймақ аумағында 300 миллиард теңгенің 11 жобасын іске асыру көзделген. Бұл арқылы 2 мыңнан астам жұмыс орны пайда болмақ. Мұндағы ірі жобалардың бірі – «Bio Grain» ЖШС-ның ауыл шаруашылығы дақылдарын өңдейтін заманауи кешені. Жоба Елбасының шикізат экспортынан дайын өнімдер экспортына көшу тапсырмасын орындау аясында қолға алынды», – деді Архимед Мұхамбетов.

Сонымен қатар былтыр индустриялық аймақта әмбебап-құрастыру кешендері құрылысы аяқталды. Онда «Беларусь» маркалы тракторлар өндіретін зауыт («Композит Груп» холдингі) және құрылыс материалдары мен металл құрылымы цехы («ЗЭО «Астық» ЖШС) орналасады.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

ШОЛУШЫ БАҒАНЫ

Жетпісбай БЕКБОЛАТҰЛЫ, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ профессоры

e-mail: Zhetpisbay.Bekbolatuly@kaznu.kz

Суармалы егіншілік – сапалы өнім кепілі

«Ауыл – ұлттың бесігі» деген қанатты сөз бар. Осы алтын бесігімізге деген мемлекеттік көзқарастың беті бері қарағанына да көп бола қойған жоқ. Ауылдық аумаққа, ауыл шаруашылығына қарай жасалып жатқан соны бетбұрыс ғалымдар мен мамандар, журналистер қауымы тарапынан ықыласпен қабыл алынуда. Өйткені, тобықтай түйін қылып айтқанда, ауыл шаруашылығы экономикасын ұйымдастыруға жаңаша көзқарас танытып, құрылымдық өзгерістерге негіз қалау арқылы болашақтағы ірілендірілген ауыл қожалығының іргетасы қаланатыны айқын.

Тусыраған тыңға түрен түспесе, миуалы бау-бақшаны, жайқалған егінді бағбан мен диқанның қамқор алақаны аяламаса, жазиралы өңір бас аяғы екі-үш жылда құлазыған қырға айналып шыға келетінін көзіміз көрді. Ұжым меншігі қолдан-қолға өткен кешегі жекешелендіру науқаны барысында ауыл шаруашылығына жарамды жер шегірен былғарылай қуырылғанынан көзіқарақты жұрт жақсы хабардар. Шаруашылық айналымындағы жердің жалпы көлемі елу миллионнан астам гектарға, ал егістік жеті, шабындық пен жайылым отыз миллиондай гектарға қысқарды. Он сегіз миллион гектар егістік ауа және су эрозиясына ұшырап, барлық жайылымдық жердің үштен бірі азып-тозды. Ел аумағының жартысына жуығы шөл далаға айнала бастады. Тауарлы өндіріс көлемі күрт кеміп, соның салдарынан ауыл халқының әл-ауқаты төмендеді. Салыстырмалы бағамен есептегенде жалпы өнім көлемі наукан басталғаннан бері екі есеге, соның ішінде егін шаруашылығында біржарым есе, мал шаруашылығында төрт есе қысқарды. Халық тұтынатын ет пен оның өнімдері, сүт және оның өнімдері үштің біріндей, балық өнімдері үштің екісіндей, жұмыртқа жартыға жуық кеміді. Ғалымдардың есебі бойынша елімізде тағам өнімінің үштен бірі сырттан тасылады. Ал, тұтынылатын өнімнің 15 пайызының ғана импортпен келуі ішкі өндірісті тұралатыны белгілі. Сөйтіп, ел қауіпсіздігіне, оның ішінде азық-түлік қауіпсіздігіне орны толмас нұқсан келтірілді. Мұншама кері кету 220 миллион гектар ауыл шаруашылығына жарамды жерге, соның ішінде 29,1 миллион гектар егістік пен 180 миллион гектардан астам жайылымға ие бай өлкеде орын алып отырғанына қайтіп қынжылмассың.

Ойды ой қозғайды ғой. Еліміздегі суармалы егіншілікке қатысты түйткілдің де шешімі табылды деу қиын. Тіпті, уақыт өте қордаланып қалған да сияқты. Бұл, әсіресе ирригация мен мелиорация сияқты инженерлік байыпты тілейтін салаларға қатысты. Осы орайда айтайын дегенім мынау. Шығысты бетке алып, Ұлы Жібек жолы бойымен тоқтамай тартсаңыз, қос қапталыңызда шұбалған алып науалар жүздеген шақырым бойы көлікпен жарысып отырады. Жыландай ирелеңдеп, жотадан жоңға ұласып жататын осынау «жасанды өзен» өткен ғасырдың жетпісінші жылдары білікті су мамандары Әбубәкір Тыныбаев пен Эрик Гукасовтың арқасында жобаланып, дүниеге келіп еді. Су шаруашылығы министрі болған Тыныбаев кезіндегі Талдықорған облысына бірінші басшылыққа келген соң сусыраған өңірге алып «Фрегаттар» орнатылып, тусыраған тыннан миллиондаған тонна өнім жиналып еді-ау. Бұдан сәл ертеректе ойластырылған аграрлық реформа есептеріне үңілсек, жер жаннаты Жетісудың бүкіл Орталық Азия халқын ішіндіріп, киіндіруге қабілетті екендігін көреміз. Яғни, аз ғана қаржы жұмсап, ілекерлеп жөнделп жіберсе, Жетісудың нар бітімді науаларының бойымен су емес, алтын ағатынын айтып отыр бүгінде көнекөздер.

Осы жолдардың авторы Алматы облысында мемлекеттік қызметте болған жылдары сол бір нар науалардың тас-талқаны шыққанын, жазиралы суармалы жерлердің құлазыған қу тақырға айналғанын көзімен көріп, жүрегімен сезінген-тін.

Енді қаламгерлер «Өзендер өрнектеген өлке» деп еркелете атайтын жер жаннаты – Жетісудың өңірі ауыл шаруашылығының бүгінгі ахуалына оралайық. Әріптесім, белгілі журналист Қалмаханбет Мұхамедқалидың «Егемен Қазақстан» газетінде жуырда жарық көрген мақаласындағы көңіл көншітерлік деректерді өздерінізбен бөліскім келіп отыр, күрметті оқырман. Ең басты жаңалық – суармалы жерлердің қайтадан айналымға қосыла бастауы. Облыс әкімі Амандық Баталовтың айтуынша, Алматы облысы аумағындағы ирригациялық желілерді қалпына келтіру 2-3 жыл бұрын қолға алынған. Соның нәтижесінде биыл 25 мың гектар суармалы жерді айналымға қосу жоспарланған, көктемгі егіс науқанында оған қол жеткізіліпті. Жалпы өңірдегі суару жүйелеріне толық түгендеу жүргізіліп, қайта жаңғырту, күрделі жөндеу жұмыстары қолға алынған, ұзын жыл ішінде осы мақсаттарға жергілікті бюджеттен 10,3 млрд теңге бөлінген. Ал 2022 жылға дейін бұрын айналымнан шығып қалған 126 мың гектар суармалы жер қайтадан пайдалануға беріледі деп жоспарланған. Қаламгер мәліметіне сүйенсек, Жетісу өңірі – отандық ауыл шаруашылығы саласындағы өнімнің 20 пайызға жуығын беретін аграрлы аймақ. Өткен жылы ғана облыстағы жалпы егіс алқабы 953 мың гектарға жеткізілген. Суармалы жердің көлемі ұлғайып, 25 мың гектар суармалы алқап айналымға қосылған, оның ішінде өңірдің негізгі дақылы саналатын қант қызылшасы егістігін 14 мың гектарға, жүгері егісінің көлемін 26 мың гектарға жеткізу мақсаты қойылған.

НЕСИЕ

Үш айда 2,9 трлн теңге кредит берілген

Қазақстан Республикасы Ұлттық банкі ағымдағы жылдың 1 сәуіріндегі жағдай бойынша жинтық есептемесінің сараптамасын жариялады. Соған сәйкес, ақпан айындағы айтарлықтай төмендеуден кейін ЕД-тердің жалпы активтері (алашағы) наурызда ең төмен (-0,6 млрд теңге) өзгерісті көрсеткен, деп хабарлайды Қазақстан қаржыгерлер қауымдастығы.

ИСАТАЙ ҚАМБАРОВ

Бұл ретте қарыз қоржыны бірқалыпты төмендеуді (-22,5 млрд теңге) аңғартқан, ал жаңа кредиттер брутто-беру ақпандағы деңгеймен (1,0 трлн теңге) бірдей күйде сақталған. Сонымен қатар нарықта проблемалық кредиттерді мойындау одан әрі жалғасуда: наурызда NPL (мерзімі өткен кредиттер) үлесі 8,3%-дан 8,6%-ға дейін өскен. Аталмыш өсім негізінен Цеснабанктың (+23,7 млрд теңге) және AsiaCredit Bank-тың (+10,1 млрд теңге) проблемалық қарыздары ескерілуімен айқындалып отыр.

Наурызда Халық Банк (-220,7 млрд теңге) пен First Heartland Bank-теті (-158,4 млрд теңге) заңды тұлғалар салымдарының айтарлықтай төмендеуі байқалған, ал депозиттік қор секторындағы төмендеу жалпы алғанда 296,7 млрд теңгені құраған. Аталған төмендеу банктердің басқа да кредиторларды (+98,5 млрд теңге) тартуымен, сондай ақ туынды қаржы құралдарымен операциялар (+105,4 млрд теңге) жүзеге асыру арқылы реттелген. Мәселен, жинтық міндеттемелер секторы тек 69,2 млрд теңгеге ғана қысқарған. Сонымен бірге сектордың жинтық шығындары бір айда ақпандағы 102,1 млрд теңгеден 50,3 млрд теңгеге дейін қысқарыпты.

Сонымен қатар активтердің жинтық төмендеуі бірінші тоқсанның қорытындысы бойынша 666,7 млрд теңгені (24,6 трлн теңгеге дейін) құраған, бұл қарыз қоржынының (-718,0 млрд теңге) жайсыз қайта қаралуы мен міндеттемелер төмендеуінің (-705,4 млрд теңге), соның ішінде депозиттік қордың (-385,3 млрд теңге) да тартсаңыз аясында осылай болып отыр. Оның үстіне осы ЕДБ-тің жинтық активтері жыл басынан бері 97,5 млрд теңгеге немесе 0,4%-ға өскен – Цеснабанкты есепке алмағанның өзінде осындай жағдай орын алған.

1-диаграмма

2-диаграмма

Осы ретте алғашқы тоқсанда – өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғандағы 2,7 трлн теңгеге (+8,5%) қарағанда – 2,9 трлн теңге сомасында жаңа кредиттер берілгенін айта кету қажет. Сонымен бірге наурыздың соңына айналымдағы ноттар көлемі 3,8 трлн теңге деңгейінде (ағымдағысы 4,3 трлн теңге) немесе жүйедегі қарыз қоржынының 30%-ына жуық деңгейде болды. Кредиттік тәуекелдердің жоғарылығы мен қор жинау базасының мәні «қысқалығы» белсенді түрде кредиттер берудің түйінді кедергілерінің біріне айналып отыр *(1-диаграмма)*.

ДОЛЛАРЛАНДЫРУ ДЕҢГЕЙІ ЖЫЛ БАСЫНАН БЕРІ 7,0%-ға ТӨМЕНДЕГЕН

ЕДБ-тердің депозиттік қоржыны наурыз қорытындысы бойынша экономиканы ынталандыру саясатын жалғасуы туралы күтулерінің, мемлекеттік компанияларды қайта құру және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес аясында 1,3%-ға (14,35-тен 14,16-ға дейін) нығайды;

• Ресей рублі РФ Қаржымині ФКО-нің апта сайынғы аукциондарына жоғары сұраныстың сақталуына қарамастан, Қытайдан тауарларға АҚШ-тың жаңа баждарына байланысты инвесторлардың тәуекел сентиментінің нашарлауы аясында 0,2%-ға (65,09- дан 65,22-ге дейін) әлсіреді;

• Түрік лирасы Президенттің партиясы жеңіліске ұшыраған Стамбулда жергілікті билік органдарына сайлауды екінші қайтара өткізу қауіпінің, сондай-ак АҚШ-тың үндеуіне қарамастан мемлекеттің РФ-дан ракетаға қарсы қорғаныс жүйесін сатып алудан бас тартуды қаламауы аясында 0,3%-ға (5,96-дан 5,98-ге дейін) әлсіреді;

16,7 трлн теңгені немесе қор жинау жүйесінің 68%-ын құрап, 296,7 млрд теңгеге (-1,8%) төмендегенін аңғартқан. Оған қоса корпоративтік салымдардың (-305,5 млрд теңгеге) күрт азайғаны және бөлшек салымдардың (+8,8 млрд теңге) іс жүзіндегі бейтарап серпіні байқалады. Осының аясында бөлшек депозиттер үлесі 50,4%-дан 51,3%-ға дейін артқан. Солай бола тұра, жыл басынан бері депозиттік қоржын 2,3%-ын (17,0 трлн теңгеден) жоғалтқан.

Депозиттерді долларландыру наурызда 43,6%-дан 41,5%-ға дейін (жыл басынан бері -6,9%) төмендеген. Шетелдік валютадағы салымдардың 6,8%-ға азаюы жағдайында жинтық депозиттер жүйесіндегі салымдардың көлемі наурызда 1,4%-ға өсім көрсетіп отыр. Жеке тұлғалардың салымдары бойынша ағымдағы шекті мөлшерлемелер 2019 жылдың екінші тоқсанының соңына дейін сақталады да, сосын оларды базалық мөлшерлемелердің төмендеуі аясында төменге түзетілуі мүмкін *(2-диаграмма)*.

СЕКТОРДЫҢ ТАЗА ЗАЛАЛЫ ЕКІ ЕСЕГЕ ҚЫСҚАРҒАН

Наурыздың қорытындысы бойынша сектордың таза залалы ақпан айында 102,1 млрд теңгеден 50,3 млрд теңгеге дейін қысқарған. Халық Банктің (+16,5 млрд теңге) және Kaspi банктің (+10,8 млрд теңге) табыстарының одан әрі өсуі, сондай-ақ Цеснабанк (-6,5 млрд теңге) шығындарының қысқаруы банк секторының қаржылық нәтижелерін қолдаған фактор болып отыр. Сектордың, Цеснабанкті есептемегендегі, табысы былтырғы осындай салыстырмалы кезеңдегі 203,6 млрд теңгеге қарағанда, 158,7 млрд теңгені құраған. Таза пайыздық маржа (NIM) көрсеткіштері мен таза пайыздық спрэд (NIS), тиісінше, 5,02% және 3,86%, тиісінше – (бұдан ертеректегі көрсеткіштерде 5,05% және 3,93%) құрап отыр.

Залалдарды қысқарту аясында активтер тиімділігінің орташаландырылған көрсеткіштері мен меншікті капитал тиісінше жақсаруды көрсетіп отыр. ROAA (активтердің тиімділігі) көрсеткіші -0,4%-дан -0,2% (01.04.18 жылға 0,9% құрапты), ROAE (капитал тиімділігі) -3,4%-дан -1,7%-ға дейін (01.04.18 жылға 7%).

СЫРТҚЫ ФАКТОР

3-10 мамыр аралығындағы жекелеген дамушы елдердің валюталары бойынша шолу*

8 мамырдағысауда-саттық қорытындылары бойынша теңгенің нарықтық бағамы айтарлықтай өзгерістерге ұшырамай (2019 жылғы 4 мамырда 380,50), 380,53 теңге деңгейінде қалыптасты.**

Сыртқы валюталық нарықта 2019 жылғы 3 мамырдан 10 мамыр аралығында неғұрлым маңызды оқиғалар АҚШ Президенті Әкімшілігінің Қытайдан көлемі $200 млрд. тауардың импортына 10%-дан 25%-ға дейін бажды көтеру, сондай-ақ Д.Трамптың ҚХР-дан тауарларға қосымша $300 млрд. бажды ұлғайту тапсырмасы туралы мәлімдемелер, АҚШ-та инфляцияның 2% ж/ж дейін (талдаушылардың күтулерінен төмен) өсу қарқыны туралы статистиканы жария ету, Еуропалық комиссияның ЕО экономикасының 2019 жылы 1,2%- ға дейін өсу болжамын төмендетуі (алдыңғы болжамда 1,3%), Ұлыбританияның ЕО құрамынан Еуропарламентке сайлауға дейін шығу процесі мүмкін еместігі туралы хабарлар болды. Аталған факторлар АҚШ доллары бағамының дамыған елдердің валюталарымен салыстырғанда нығаюына әкелді.

Дамушы елдердің валюта бағамдарының*** АҚШ долларына қарағанда серпіні мынадай түрде қалыптасты:

• Оңтүстік Африка рэнді Парламенттік сайлаудың нәтижелері бойынша Африка ұлттық конгресінің басқарушы партиясының көш бастауының, сондай-ақ инвесторлардың





• Индонезия рупиясы ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда-саттық келіссөздерге қатысты белгісіздіктің, сондай-ақ ІЖӨ бойынша деректердің талдаушылардың күтулерінен төмен (+5,07% ж/ж 2019ж 1-ші тоқсан) болуы және ағымдағы шот дефицитін 2,6%-ға дейін кеңейту бойынша деректердің шығуы аясында 0,4%-ға (14 266-дан 14 327-ге дейін) әлсіреді;

• Бразилия реалы ҚХР мен АҚШ арасындағы сауда-саттық даудың ушығуы, сондай-ақ өткен жылмен салыстырғанда бөлшек сауданың қысқаруы (-4,5 ж/ж) бойынша статистиканы жария ету аясында 0,5%-ға (3,94-тен 3,96 - ға дейін) әлсіреді;

• Үндістан рупиясы АҚШ пен ҚХР арасындағы сауда-саттық жанжалдың өршуі аясында 1%-ға (69,22-ден 69,91-ге дейін) әлсіреді;

• Мексика песосы ел Президентінің МӨЗ құрылысына шетелдік компаниялар арасында байқау өткізілген жоқ деп жариялауы аясында 1%-ға (18,92-ден 19,10-ға дейін) әлсіреді, нәтижесінде жоба Pemex компаниясының (жоғары борыштық жүктемесі бар) және Энергетика министрлігінің ішкі ресурстарының есебінен іске асырылатын болады.

** шолуды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі ашық дерек-көздердің негізінде апта сайын дайындайды;*

*** АҚШ долларына қарағанда көлемі жағынан неғұрлым көп сатылатын дамушы елдердің валюталары.*

ҚАРЖЫ СЕКТОРЫ

Қазақстанда тәуелсіз ішкі саясат жүргізу мүмкіндігі сақталған

> [1]

Өйткені сонымен қатар, Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері (соңғы мәлімет бойынша, 27,1 миллиард доллар) мен Ұлттық қор активтері (соңғы мәлімет бойынша, 59,3 миллиард доллар) бар. Олардың жиынтығы үстіміздегі жылғы сәуір айының аяғында 86,4 миллиард долларды құраған. Бұл аз ақша емес. Соншама қосымша қаржылық қоры жоқ Украина экономикалық тығырыққа тірлеліп, Халықаралық қаржы қорынан қайта-қайта қарызға ақша сұрауға мәжбүр болды. Ал кредит сұраған соң, ондай құрылымдар өз шарттарын қояды. Мәселен, бюджеттегі жоғарыдағыдай әлеуметтік шығындарды қысқартуды талап етеді. Яғни елдің ішкі экономикалық саясатына араласа бастайды.

Ал Қазақстан Республикасында әлгіндей қомақты қорлардың бар болуы арқасында мемлекетіміздің басшылығы мен үкіметі ішкі экономикалық саясатты өз бетінше жүргізе беру мүмкіндігін сақтап қалған. Осының бәрі Елбасының салиқалы саясатының арқасында мүмкін болып отыр.

Осыдан біраз жыл бұрын аталмыш қорларда жинақталған қаржы бүгінгіден көп аз болатын. Мәселен, 2006 жылдың тамыз айында ғана олардың жалпы көрсеткіші 24 миллиард доллар деңгейіне жеткен. Ал оның алдындағы жыл барысында ол екі есе төмен болатын. Яғни, бір сөзбен айтқанда, 2005 жылдың ортасынан 2007 жылдың басына дейінгі бір жарым жылдың ішінде бұл көрсеткіш 12 миллиард доллардан 34,4 миллиард долларға дейін немесе 3 есеге жуық ұлғайған. Осындай қысқа мерзім үшін бұл – өте қомақты нәтиже. Ал 2007 жылдың тамызында еліміздің қаржылық жүйесі үшін қиын кезең басталған. Сондай жағдай 2014 жылы және 2015 жылы қайталанды. Оның үстіне сол тұста мұнай бағасы төмендеп кетті. Сол сияқты қиындықтарға экономикамызды алдырмау мақсаттарын жүзеге асыру жолында Ұлттық банктің алтын-валюта резервтері мен Ұлттық қор активтерінің көп көмегі тиіп жатыр.

Біраз ауыртпалық түсіріп отырған нәрсе – сыртқы қарыз. Әрине, бұрындары айтылып жүргендей, біздің сыртқы қарыздың қомақты бөлігі шетелдік ірі компаниялардың Қазақстанда жұмыс істеп жатқан бөлімшелік құрылымдарына борыш ретінде беретін қаржылық көмегінен тұрады.

Алайда, ана бір жылдар барысында оның жалпы көлемінің негізінен шетелдік банктерден алынатын кредиттердің есебінен күрт өсіп кеткені де құпия емес.

Сондықтан қазір екінші деңгейлік біраз қазақстандық банк қиындықтарды бастан кешіп жатыр. Осындай жағдайда олардың бірқатары өзара бірігу жолын таңдады. Дегенмен, мемлекет бұл банктерді бетінше қиындықта қалдырмақ емес. Ел басшылығы мен үкіметі тарапынан оларға барынша көмек көрсетіліп жатыр.

Өйткені отандық банк жүйесі экономикамыздың күре тамыры іспетті. Оларға қайтадан дұрыстап қан жүгірту арқылы ғана жалпы экономикалық жағдайдың ретке келтірілуі мүмкін.

ЭНЕРГЕТИКАЛЫҚ САЯСАТ

Қазақстан үшін газды «ОПЕК» идеясы өзекті мәселе емес

Ақпан айында АҚШ пен Парсы шығанағы аймағында орналасқан Катар мемлекеті екеуі бірлесіп, газды «ОПЕК» құрғалы жатыр екен деген хабар тарады. Бұрындары осындай ұйымды әлгі араб елі Америкамен емес, Ресеймен құруға тиіс деп есептелетін және күтілетін. Бірақ бұндай әңгіме кезінде айтылуын айтылғанмен аяқсыз қалды. Ал қазіргі жағдай басқа. Бұрын Ресей, Иран және Катар ең ірі газ өндіруші елдер үштігін құрайтын.

ҚАЙРАТ ӘМІРЕЕВ

Ал енді бұлардың үшеуін де кейін ысырып тастап, бірінші орынға АҚШ шықты. Бірақ бүгінгі таңда қалыптасып отырған халықаралық саяси жағдайдың себебінен Американың (жылдық өнімі - 751,063 миллиард текшеметр) Ресеймен (642,242 миллиард текшеметр) немесе Иранмен (226,905 миллиард текшеметр) бірлесіп газды «ОПЕК» құруға талпынуы күмәнді көрінеді. Сондықтан бұндай ұйымды қалыптастыру үшін АҚШ енді тек Катармен (жылдық өнімі – 182,830 миллиард текшеметр) ғана бірлесе алады. Яғни газды «ОПЕК» осылайша құрылған күнде де, ол мұнай өндіру саласындағы нағыз ОПЕК сияқты қуатты бола алмайды. Өйткені Ресей мен Иранның оған қосыла қоюы өте күмәнді.

Нақты жағынан алып қарағанда, бұндай ұйымды құрудың екі жолы бар сияқты. Біріншісі – GECF (Gas Exporting Countries Forum) құрылымын немесе Газ экспорттаушы елдер форумын қарастырылып отырған идеяға сай газ картеліне айналдыру. Оның кездесулері осы уақытқа дейін анда-санда өтікзіліп келеді. Бұл форум 2001 жылы құрылған еді. Оның құрамына Ресей, Иран, Катар, Алжир, Боливия, Бруней, Египет, Индонезия, Ливия, Малайзия, Нигерия, Норвегия (статусы – бақылаушы), Оман, Тринидад және Тобаго, Біріккен Араб Әмірліктері және Венесуэла кіреді. Олар әлемде шығарылатын бүкіл табиғи газдың 42 пайызын өндіреді екен. Бұл – өте қомақты үлес. Бірақ GECF құрылымына мүше елдердің барлығы бірдей газды «ОПЕК» құруға мүдделі емес. Ал олардың кейбіреулері бұндай идеяға тіпті қатты қарсы.

Газды «ОПЕК» құрудың екінші жолы басқаша схемаға сай көрінеді. Ол бойынша, бұл ұйымның құрылтайшылары қатарына әлемдегі ең ірі газ өндірушілер болып табылатын Ресей, Иран, Катар мен Алжир ғана емес, Қазақстан да кірмек екен. Алдында аталған соншама көп елді біріктіруден гөрі, соңғы айтылған айналдырған 5 мемлекеттің басын қосу оңайырақ болар.

Енді «Қазақстан үшін бұндай ұйымға кірген қолайлы ма, әлде жоқ па?» деген мәселеге келейік. Біздің елден экспортқа газ шығарудың дайын үш жолы бар. Біріншісі – Ресейдің үстімен өтетін «Газпромға» қарасты транспорттық жүйе. Екіншісі – 2006 жылы салынып біткен, сосын 2007 жылдың басында іске қосылған «Баку-Тбилиси-Эрзурум» газ құбыры. Үшіншісі – 2009 жылдың желтоқсанында іске қосылған және содан бері мүмкіндігі біраз ұлғайтылған «Түрікпенстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай» магистралі.

Ресей бағытында «Газпромның» өзі – монополист. Сондықтан ол Қазақстан, жалпы Орталық Азия жақтан баратын газ көлемін өзінің экспорттық стратегиясына ыңғайлауға тырысатын болады.

Ал Баку-Тбилиси-Эрзурум бағытына келетін болсақ, мынаны айтуға тиіспіз. Оның арғы шеті – Түркия жерінде. Ол елге баратын экспорттық газ құбырлары қазір онсыз да жетіп артылады. «Баку-Тбилиси-Эрзурум» құбыры да жылына 16 миллаирд текшеметр тасымалдауға шақталып салынған.

Құбыр көп болса, газды импортқа сатып алушы ел бағаға қатысты билік айту құқығына ие болады. Қазір Түркия сондай жағдайға жетіп отыр. Яғни Қазақстан үшін бұл екі бағыттың екеуі де сөзсіз тиімді деуге келмейді. Біз үшін ең пайдалысы – «Түрікпенстан-Өзбекстан-Қазақстан-Қытай» магистралі. Демек, жалпы газды «ОПЕК» идеясы біздің ел үшін өзекті мәселе болмаса керек.

ГАЗДЫҢ ДӘЛЕЛДЕНГЕН ҚОРЛАРЫНЫҢ МӨЛШЕРІ ЖАҒЫНАН ЖЕТЕКШІ ЕЛДЕР

Дәлелденген қорлар (млрд м³)	АҚШ энергетика министрлігі мәліметтері		ОПЕК мәліметтері		British Petroleum мәліметтері	
Елдер	Орын	Қорлар	Орын	Қорлар	Орын	Қорлар
Ресей	1	47 805	1	50 617	1	35 000
Иран (Ирандағы табиғи газ резерві)	2	33 721	2	33 810	2	33 200
Катар	3	24 072	3	23 861	3	24 900
АҚШ (АҚШ-тағы табиғи газ)	4	15 484	5	9 067	5	8 700
Сауд Арабиясы	5	8 619	6	8 715	6	8 000
Түркіменстан	6	7 504	4	9 838	4	19 500
Біріккен Араб Әмірлігі	7	6 091	7	6 091	8	5 900
Венесуела	8	5 740	8	5 707	7	6 400
Нигерия	9	5 475	9	5 627	10	5 200
Қытай (Қытайдағы табиғи газ)	10	5 440	13	2 934	9	5 500
Алжир	11	4 504	10	4 504	11	4 300
Ирак	12	3 820	11	3 744	13	3 500
Индонезия	13	2 866	15	2 866	14	2 900
Мозамбик	14	2 832				
Қазақстан	15	2 407	19	1 898		1 100

НАРЫҚ ЖАҢАЛЫҚТАРЫ

КӨКТЕМГІ ЕГІС – 2019

МАҚТАЛЫҚТА ЖҰМЫС ҚЫЗҒАН ШАҚ

Түркістан облысының Мақтаарал ауданында диқандар мамыр туысымен мақта егу науқанына жаппай кірісті.

Биыл ауданда 35 мың гектар жерге ақ алтын шиті себіледі деп күтілуде. Ол үшін 1 мың тоннаға жуық тұқымдық шит дайындалып, сортына қарай 230-350 теңге аралығында сатылуда. Сонымен қатар, Түркия мен Қытайдан да тұқымдық шит тасымалдануда.

Бүгінде көктемгі дала жұмыстарына 954 трактор, 415 топырақ қопсытқыш, 3876 тырма, 212 тұқым сепкіш секілді ауыл шаруашылығы техникалары қатысуда. Биыл шаруаларға көктемгі дала жұмыстарын жүргізу үшін «Ырыс» шағын қаржы ұйымы арқылы жылдық 6 пайызбен 293 миллион теңгеден аса несие берілген.

Өткен жылы ауданда 38 мыңнан аса гектар жерге мақта дақылы егіліп, 96 511 тонна ақ алтын жиналды. Гектар шығымдылығы 25 центнерден айналып, мақташылар жылды табысты аяқтады.

Жалпы былтыр мақтааралдықтар 42 миллиард теңге соманың ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірді. Оның ішінде өсімдік шаруашылығы – 32,2 млрд теңге, мал шаруашылығы – 9,6 млрд теңге, ауылшаруашылық қызметі 278 млн теңгені құраған.

БИЗНЕСТІҢ ЖОЛ КАРТАСЫ – 2020

ҚОҒАМДЫҚ КӨЛІК САЛАСЫНДАҒЫ СӘТТІ ЖОБА

Сбербанк Қазақстан Алматы қалалық автобус паркін жаңартуға қатысты.

«Сбербанк» АҚ ЕБ «Даму» кәсіпкерлікті дамыту қоры» АҚ-мен бірігіп «№2 Алматы қалалық автобус паркі» ЖШС-ның ірі жобасын қаржыландырды. Кәсіпорынды қаржыландырудың жалпы сомасы 1,8 млрд теңгені құрады. Аталған жоба аясында автопарк басшылығы «Yutong» қытай компаниясының төзімді жолаушылар орны, еден жабыны бар, мүгедектер арбашасын кіргізу үшін ашпа басқышы және бейнебақылау камералары бар 48 төмененденді қалалық автобустарын сатып алды.

Жоба мақсаты – Алматы шаһарында үш қалалық әлеуметтік маңызды бағыттар бойынша жаңа заманауи автобустарды іске қосу: №67, №81, №31. Осы бағыттар бойынша 100% қозғалыс тұрақтылығының арқасында жолаушылар ағымының артуы күтілуде. «Іскерлік беделі мінсіз «№2 Алматы қалалық автобус паркі» компаниясымен жаңа бірлескен ауқымды жобаларды бастау екіжақты қарым-қатынасты нығайтуға жасалған маңызды қадам болып табылады», – деді «Сбербанк» АҚ ЕБ басқармасы төрағасының орынбасары Елдар Теңізбаев.

Жобаның сәтті іске асырылуының нәтижесінде оңтүстік астанамыздың автопаркі жоғары экологиялық стандарттарға сай келетін жаңа заманауи және жабдықталған автобустармен толықтырылды.

«№2 Алматы қалалық автобус паркі» ЖШС-ның жобасы сыйақы мөлшерлемесін субсидиялау мақсатында «Бизнестің жол картасы – 2020» бизнесті қолдау мен дамытудың мемлекеттік бағдарламасына қосылды.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ

КӨГІЛДІР ОТЫНМЕН ТОЛЫҚ ҚАМТЫЛАДЫ

Таяудағы жылдар ішінде Түркістан облысының Шардара ауданы толықтай көгілдір отын желісімен қамтылады.

Ауданда салынып жатқан №18 газ тарату станциясы іске қосылғанда Шардара қаласы мен 11 елдімекен көгілдір отынға қол жеткізетін болады. Түркістан облысы әкімінің баспасөз қызметі ұйымдастырған пресс-тур барысында БАҚ өкілдері станцияның құрылыс жұмыстарымен танысты. Құрылыстың жұмыс кестесіне сай, сапалы атқарылып жатқанын атап өткен аудандық тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің басшысы Еркебұлан Каратунов: «Халықты газбен қамтамасыз ету мақсатында 2018 жылы Достық, Сүткент, Қызылқұм, Ақалтын, Егізқұм ауылдарына газ құбырын тарту жұмыстарын бастадық. Жоспар бойынша бұл жұмыстар жыл соңына дейін аяқталатын болады. Қазір салынып жатқан станция да пайдалануға беріледі деп күтілуде. Жалпы 2023 жылға қарай ауданда газ мәселесі 100 пайыз шешілетін болады», – деді.

№18 газ тарату станциясының құрылыс жұмыстары 2017 жылы басталған. Жобаны іске асыру үшін облыстық бюджеттен 2 млрд 912 млн 634 мың теңге қаралған.

Рымтай САҒЫНБЕКОВА

СЕРПІН

Ынтымақ ырысқа бастайды

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Мысырдың халықаралық университеті (EIU) Каир қаласында қазақстандық ЖОО-ның филиалын ашу туралы келісімге қол қойды. Бұл еліміздің жетекші университінің ректоры, академик Ғалым Мұтанов-тың жыл басындағы сапары мен Мысыр Араб Республикасының жоғары білім және ғылыми зерттеулер министрлігінің басшылығымен қол жеткізген өзара келісімнің арқасында жүзеге асуда.

АЙНҰР БАҚДӘУЛЕТҚЫЗЫ

Филиал жаңа оқу жылынан бастап алғашқы мысырлық студенттерді қабылдайтын болады. Кейін олар ҚазҰУ-да академиялық алмасу бойынша білім алып, тағылымдамадан өте алады, ал олардың ішіндегі ең үздіктері кейін магистратураға түсуге мүмкіндік алады.

«Біз халықаралық рейтингтерде алға жылжып, үлкен жетістіктерге қол жеткізген қазақстандық жетекші университет – әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен ынтымақтастық жасауға аса мүдделіміз. Университет кампусы әлемдегі ең үздіктердің бірі, мұнда студенттердің тұруы мен оқуына барлық жағдай жасалған. Сондықтан, АРЕ Парламентінің депутаты, EIU өкілдеріжәне Қазақстан Республикасындағы Мысыр Елшілігінің өкілдерінен құрылған үлкен делегация ҚазҰУ-ға филиал ашу туралы келісім жасау үшін келді. Біз бұл жобаға жан-жақты қолдау көрсетеміз», – деп атап өтті ҚР-дағы АРЕ Елшілігінің мәдениет және білім істері жөніндегі атташесі Ризк Ранда Махмуд ханым.

Айта кету керек, қазақстандық жетекші университет пен мысырлық жоғары оқу орындары арасындағы серіктестік қарқынды дамуда. Биыл Каир университетінде ҚазҰУ-дың қолдауымен қазақ тілі оқытыла басталды, сондай-ақ әл-Фараби ғылыми-білім беру орталығы ашылып, белсенді жұмыс атқаруда.

Жалпы әл-Фараби атындағы университеттің оқыту үдерісі жоғары деңгейде екендігін әлем елдері мойындап отыр. «Times Higher Education» (THE) беделді әлемдік рейтингінің зерттеу нәтижесі бойынша әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстандағы жалғыз жоғары оқу орны ретінде Азия елдерінің 251-300 үздік университеттерінің қатарына енді.

Университеттер рейтингісін құру барысында келесі көрсеткіштер ескерілді: университеттердің ғылыми-білім беру қызметінің тиімділігі; оқытушылар құрамының және жүргізілетін зерттеулердің деңгейі; ғылыми мақалаларды жариялау және дәйексөз келтіру; халықаралық ынтымақтастық және басқалар.

ЦИФРЛЫ ҚАЗАҚСТАН

«Smart Turkistan» форумы

Түркістан қаласындағы Қ.А. Ясауи атындағы ХҚТУ-да Түркістан облысын цифрландыру бойынша «Smart Turkistan» атты форум өтті. Форумға Қазақстанның 120-дан аса IT-қауымдастық өкілдері, жергілікті атқарушы органдардың өкілдері, сонымен қатар ЖОО мамандары, үкіметтік емес ұйымдар, ұлттық компаниялар, ғылыми-зерттеу институттары мен бизнес қауымдастықтар қатысты.

АЙЖАН ЖАСБАТЫРҚЫЗЫ

Жиында IT-мамандар өңірде ақылды қаланы құру бағытындағы инновациялық идеяларын қосып, Түркістаннның келешегін талқылады. Алдымен жиынға қатысушылар Түркістан қаласындағы жаңа Ақылды қала тұрғын үй кешендерінің кірпішін қалау рәсіміне қатысты. Онда цифрландыру бойынша «Platonus» IT-компаниясының өкілі Олжас Тұрғамбекұлы ақылды қаланы құру мен басқарудың маңыздылығына тоқталып, өзінің алған әсерімен бөлісті.

«Біз қала тұрғындары үшін ыңғайлы және қолжетімді инфрақұрылымды жасайтын және ақылды қаланы құру мен басқару идеяларын талқылайтын алаңға келдік. Себебі, бізге осы жерде кірпіш қалауымызды ұсынды. Бұл,әрине, күтпеген жайт. Болашақта Ақылды қала аумағы жаңа Түркістаннның бет-бейнесі мен келбетіне өзіндік әсер ететіні анық», – деді Олжас Тұрғымбекұлы.

Одан кейін шара «Smart Turkistan» форумымен жалғасты. Кездесуде цифрландыру бойынша Түркістан облысының даму тұжырымдамасының таныстырылымы өтті. Сонымен бірге, халыққа қызмет көрсетуде мемлекеттік-жеке серіктестік үлгісі ретінде «Vendor Management Office» (VMO) арқылы жұмыс істеудің ашықтығын енгізу жобасы көрсетілді.

Басқосуда Түркістан облысы әкімінің кеңесшісі Ұлан Тәжібаев форумның Түркістанды дамыту үшін маңызы зор екенін жеткізді.

«Біз есеп беру үшін технологиялар құрмаймыз. Біздің міндет – Түркістан облысының тұрғындарының өмірін жақсарту. Міне, осы мемлекеттік басқаруда адамға бағдарланған тәсіл қағидасы маңызды», – деді Ұлан Қалмұханұлы.

БАҒДАР

Халықты жұмыспен қамту – басты міндет

Алматыда Қазақстан Республикасы Халықты жұмыспен қамту орталықтарының қызметін жетілдіру бағытында жүргізілген жұмыстың қорытындысына арналған семинар өтті. Іс-шаралар Дүниежүзілік банктің қолдауымен Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің «Еңбек дағдыларын дамыту және жұмыс орындарын ынталандыру» жобасы аясында өткізілді. Семинарға қатысушылар Қазақстан еңбек нарығының қазіргі жағдайы мен даму келешегін талқылады.

САЛТАНАТ ҚАЖЫКЕН

Қоғамдық пікірді зерттеу орталығы әлеуметтік сауалнама қорытындысын таныстырды. Оған сәйкес жұмыс іздеушілер мен жұмыс берушілердің жалпы Жұмыспен қамту орталықтарына деген оң көзқараста екендігі байқалып отыр. Мәселен, сауалнамаға жауап берген жұмыс іздеушілердің жартысы Жұмыспен қамту орталықтары оларға жұмыспен қамту (53%), тегін қайта оқыту (21%) мәселелері жөнінде кеңес беріп, қоғамдық жұмыстарға (21%) және кәсіп бойынша (11%) жұмысқа орналастырғандығы жайлы атап өткен. Сонымен бірге, жұмыс іздеушілердің жартысы ақпараттық жүйе сапасы, қажетті жұмыстардың жоқ болуы, мамандық бойынша жұмыстың болмауына қатысты теріс пікірін білдірген. Сондай-ақ, Жұмыспен қамту орталықтарымен өзара әрекеттесу тәжірибесі жайлы жұмыс берушілер де пікір бөлісті: орталықтар жұмысшыларды іздеп келгендердің көпшілігіне мамандық бойынша жұмысшыларды тауып берген (38%); жұмыс берушілердің үштен біріне қызметкерлді іріктеу мәселесі жайлы кеңес беріп, қара жұмысшыларды (24%) және уақытша жұмысқа орналасқысы келетін қызметкерлерді (19%)табуға көмектескен. Ең көп айтылған тілектер келесідей болды: құжат айналымын жылдамдату, электрондық деректер базасына өту, мамандар санын арттыру және еңбек нарығындағы жағдай көнінде ақпарат беріп тұру. Сауалнамаға жауап берген жұмыс іздеушілердің және жұмыс берушілердің көпшілігі (тиісінше 70,2% және 79%) Жұмыспен қамту орталықтарының жұмысымен қанағаттанатындығын айтқан, алайда сарапшылар орталықтардың тиімділігін көтеру үшін кемшіліктерді жою керектігіне көңіл бөліп отыр. К-Bagdar Қоғамдық қорының сарапшылары дамыған елдердің тәжірибесіне зерттеу жүргізу негізінде Жұмыспен қамту орталықтарын жаңғырту және олардың қызметін жетілдіруге арналған іс-шаралар жоспарын ұсынды, оған келесі іс-шаралар кіріп отыр: жұмыспен қамту орталықтарына деген сенімді көтеру, жәрдемақының маңыздылығын арттыру, жастармен және 50 жастан асқан тұлғалармен жұмыс жасау, мектеп оқушыларына кәсіби бағдар беру жүйесі, жұмыс берушілерге берілетін артықшылықтар, ақпараттық-түсіндірме жұмыстарын жүргізу стратегиясы, Жұмыспен қамту орталықтары қызметкерлерінің біліктілігін көтеру. Мәселен, компанияларды экономикалық тұрғыда ынталандыру арқылы жастарды жұмысқа тартуға арналған шаралар ұсынылып отыр: мемлекет есебінен әлеуметтік және салықтық төлемдер бойынша шығындарды өтеу; Жұмыспен қамту орталықтары жанынан Жастар мансабының орталығын құру; жоғарғы сынып оқушыларын оқудан тыс уақытында олардың таңдаған мамандығы бойынша қоғамдық жұмыстарға орналастыру, сондай-ақ, KASIP цифрлік жүйесі арқылы мектеп оқушыларымен кәсіби бағдар беру жұмыстарын жүргізу.

Сарапшылар жұмыс берушілерге қолдау көрсету шаралары ішінде мүгедектерді жұмысқа алатын жұмыс берушілерге жалақының ішінара субсидиясын, жұмыс орындарының қысқаруына жол бермеу үшін білікті жұмысшылардың айырылған табысын ішінара өтеу, қызметкерлер біліктілігін көтеру үшін мемлекеттік гранттар ұсыну сынды шараларды ұсынып отыр. Сарапшылардың пікірінше, осындай ынталандыру әдістерін ендіру жұмыспен қамту үлесін ұлғайтып, білікті кадрлардың санын сақтап арттыруға жағдай жасамақ.

Жұмыспен қамту орталықтарының медиадағы, соның ішінде әлеуметтік желілердегі белсенділігін арттыруды, еңбек нарығындағы жағдай және орталықтың қызметтері жайлы халықты ақпараттандырып тұруды ұсынып отыр. Сонымен қатар, soft-skills дағдыларын дамытуға, мемлекеттік жұмыспен қамту қызметтерінде еңбек ететін қызметкерлердің өзінің білімдері мен дағдыларын жетілдіруге ерекше көңіл бөліп отыр. Soft skills, яғни «икемді» әлеуметтік дағдылар – қарымқатынас құра білу, уақытты басқару, көшбасшылық сапалар, креативтілік – мұның бәрі қазіргі заманғы еңбек нарығындағы тұрақты тренд болып табылады.

Зерттеушілердің күтіп отырған үміттеріне сәйкес дайындалған шаралар азаматтардың ұзақ мерзімді және нәтижелі еңбекке тұруына жағдай жасамақ.

ТАЛҚЫ

Балалардың құқығын қорғау әрқашан бірінші орында

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі (ҚР БҒМ) және Қазақстандағы Біріккен Ұлттар Ұйымының Балалар қоры (ЮНИСЕФ) бірлесіп ұйымдастырған республикалық жиналыста заңмен байланысқа түскен балаларға көрсетілетін қызмет түрлерін дамыту мәселелері талқыланды.

НҰРЛАН ҚҰМАР

Іс-шараға Қазақстан Республикасы Мәжілісінің депутаттары, орталық және жергілікті мемлекеттік органдардың, халықаралық және үкіметтік емес ұйымдардың, сондай-ақ балаларға әлеуметтік қызмет көрсететін ұйымдардың өкілдері қатысты.

Жиналысқа қатысушылар жақында қабылданған «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне баланың құқықтарын қорғау жөніндегі функцияларды жүзеге асыратын ұйымдардың қызметімен байланысты мәселелер бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу жобасы» Заңда көрсетілген оң өзгерістердің маңыздылығын атап өтті. Осындай өзгерістер қиын жағдайға тап болған және заңмен байланысқа түскен балаларға көрсетілетін қызмет түрлерін дамытуға жақсы негіз болып табылады, себебі бала құқықтарымен айналысатын ұйымдарды құру мен олардың жұмыс істеуіне қатысты мәселелді жан-жақты шешуге бағытталған деп қорытындалды. Сонымен қатар, заңда балаларды қайта әлеуметтендіру мен тәрбиелеу, қәмелетке толмаған бала ата-анасының немесе заңды өкілінің міндеттерін негізсіз орындамағаны үшін қылмыстық жауапкершілікті алып тастау сияқты өзгерістерді қамтиды.

ҚР БҒМ Балалар құқықтарын қорғау комитетінің төрағасы Ержан Ерсаинов заңнамадағы негізгі өзгерістер және осы өзгерістердің заңмен байланысқа түскен балалардың құқықтарын қорғаудағы әсері туралы айтып өтті. «Заңдағы басты өзгерістердің бірі – ұлттық алдын-алу механизмінің (ҰАМ) мандатының кеңеюі, ол балалар құқықтарын қорғау функцияларын жүзеге асыратын ҰАМ ұйымдары қатысатын объектілер, сондай-ақ арнайы әлеуметтік қызметтерді («Арнайы әлеуметтік қызметтер туралы» Қазақстан Республикасының Заңы») ұсынатын субъектілерді қосу арқылы жүзеге асады».

«ЮНИСЕФ жаңа заңнамалық нормалар қиын өмірлік жағдайларға тап болған және заңмен байланысқа түскен балаларды қолдау және оңалту тетіктерін жетілдіреді деп үміттенеді», – деп атап өтті Қазақстандағы БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Өкілі Юрий Оксамитный. Сонымен бірге ол қиын өмірлік жағдайдағы балалар үшін кәсіби және жоғары кәсіби қызметтерді күшейту арқылы балалардың құқықтарын қорғау жүйесін дамытуды жалғастыру қажеттігін айтты. «Мұндай жаңа заңнаманы

мыту кезінде Бала құқықтары туралы конвенцияда бекітілген халықаралық принциптерді сақтау маңызды, бұл бала мүддесін қорғау, конфиденциалдықты қамтамасыз ету, отбасылық жағдай орнату және кемсітушілікке жол бермеуді қамтиды», – деді Юрий Оксамитный.

Қиын өмірлік жағдайға тап болған немесе заңмен байланысқа түскен балаларға мемлекеттік және үкіметтік емес ұйымдардың әлеуметтік қызметтер көрсетудегі отандық және халықаралық тәжірибелер қарастырылды. Қатысушылар заңмен байланысқа түскен балаларға қызмет көрсетудегі практикалық аспектілер мен стандарттарды, оның ішінде арнайы әлеуметтік қызметтер көрсету стандарттарын талқылады.

Жиналысты ұйымдастырушылар құқық бұзушылық жасау қаупі бар балаларға қызмет көрсетудің балама үлгісі туралы бейнероликтерді көрсетті, әділсот жүйесіндегі балалармен жұмыс істеуге қатысты практикалық құралдарды таратты, заңмен байланысқа түскен балалар, ата-аналар мен мамандарға арналған ақпараттық чек-парақшалар мен брошюраларды ұсынды.

«Қиын өмірлік жағдайдағы немесе заңмен байланыста болған барлық балаларға тең қызмет көрсету маңызды. Мұндай балалар көбінесе кемсітушіліктің құрбаны болып табылады, мысалы, білім мен қызметтер алуда, жұмыс іздеуде қиындықтарға тап болады», – деді Юрий Оксамитный.

Іс-шараға қатысушылар заңнамаға қатысты қабылданған түзетулерді ескере отырып, балалардың құқықтарын қорғауда келешек әрекет жасау жоспарын бекітті.

Қазақ газеттері
Құрылтайшы және шығарушы:
«ҚАЗАҚ ГАЗЕТТЕРІ»
Жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Бас директор –
Редакторлар кеңесінің төрағасы
Шамшидин ПАТТЕЕВ
қабылдау бөлмесі 272-87-30
жарнама бөлімі 267-00-44
www.kazgazeta.kz
E-mail: kaz_gazeta@mail.ru

TENGE MONITOR
РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ЭКОНОМИКАЛЫҚ АПТАЛЫҚ

Бас редактор
Ақас ТАЖУТОВ

Бас редактордың орынбасары – жауапты хатшы
Аманкелді ШОПАН

Бөлім редакторлары: Рымтай САҒЫНБЕКОВА, Ботагөз ӘБДІРЕЙҚЫЗЫ, Мақпал САҒЫНДЫҚ, Исатай ҚАМБАРОВ
Беттеуші: Ернар ОРМАНОВ

«Қазақ газеттері» ЖШС-ның аймақтардағы өкілдіктері:
Астана қаласында: Толымбек Әбдірайым 8 701 345 79 38
Ақтөбе облысында: Жанғабыл Қабақбаев 8 771 769-63-22
Маңғыстау облысында: Бектұр Төлеуғалиев 8 (7292) 40-41-01
Қарағанды облысында: Батырбек Мырзабеков 8 (7102) 90-19-73

Газеттің терілуі мен бет қалпағы **«Қазақ газеттері» ЖШС-ның компьютерлік орталығында** жасалды. Офсеттік басылым.

АҚЫЛДАСТАР АЛҚАСЫ:
АЛШАНОВ Рахман
ӘБДІМАНАПОВ Сәрсенғали
ӘБІШЕВ Әли
БЕКБОЛАТҰЛЫ Жетісбай
ГУЗОВСКИ Петр (Польша)
ЕСПОЛОВ Тілектес
ҚАЛИЕВ Ғани
НҰРСЕЙІТ Айтқали
САҒАДИЕВ Кенжеғали
САПАРБАЕВ Әбдіжапар
САТЫБАЛДИН Сағындық
СВЯТОВ Серік
ТӨТІГҰЛОВ Әбдісағит
ТЕМІРБЕКОВ Нұрпан
ХАМЗИН Жантемір

Тапсырыс: 2920.
Таралымы: 5000.

Газет аптасына 1 рет шығады.
Газет «Дәуір» РПБК ЖШС-нда басылды.
Алматы қаласы, Ш.Қалдаяқов көшесі, 17 үй.
Тел.: 273-12-04.

«Tenge monitor» газетіне жарияланған материалдардың авторлық құқы «Қазақ газеттері» ЖШС-не тиесілі, редакция жауапты емес. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

МЕКЕН-ЖАЙЫМЫЗ:
050013, Алматы қаласы, Желтоқсан көшесі, 175, 4-қабат.
403-бөлме (тілшілер)
тел.: 272-87-04

404-бөлме (бас редактор)
тел.: 267-36-34
факс: 272-86-11

E-mail: kazekonomica@mail.ru
www.economkaz.kz

Нөмірдің кезекші редакторы:
Рымтай САҒЫНБЕКОВА